



## БІРЛІК – БАУЫРЛАСТЫҚ НЕГІЗІ

Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов Қазақстанға келді.

Президент мәртебелі мейманды Түркістан әуежайынан қарсы алды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов түркітілдес елдерге ортақ ең көрнекті рухани және тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі, ЮНЕСКО Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барды.

Мәртебелі меймандар әйгілі ойшылдың рухына тағзым етіп, Құран бағыштады. Сондай-ақ кесенде жүргізіліп жатқан реставрациялық және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы мен Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының аумағында орналасқан ұлттық-мәдени кешенді аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов «Шығыс базарын» аралап, дөңді дақылдардың сұрыптарымен танысты.

Мәртебелі меймандарға ұлттық тағам түрлері, ағаштан түйін тую, кілем тоқу, киіз басу, қыш және зергерлік бұйымдар жасау сияқты халық қолөнері шеберлерінің туындылары көрсетілді, салт-дәс-

түрімізді паш ететін театрландырылған қойылым ұсынылды. Сонымен қатар олар тазы ит пен қыран құстарды тамашалады.

Одан кейін Қазақстан Президенті мен Түрікменстан Халк Маслахатының Төрағасы Turkistan визит орталығына барды.

Меймандарға көне «Күлтөбе» қалашығының тарихи келбетін сақтау және абаттандыру жобасы туралы мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Гурбангулы Бердімұхамедов тарихи ескерткішті музейге айналдыру барысымен танысты. Қалашықтың 27 гектар аумағында археологиялық қазба жұмыстары аяқталған.

Сонымен қатар таяуда ашылатын «Қолөнершілер қалашығының» тұжырымдамасы таныстырылды. Оның ішінде шеберханалар, ұлттық тағам түрлерін ұсынатын орындар, «Шығыс базары» және шағын қонақүйлер орналаспақ.

Осы орайда биыл 25 наурызда Түркістанға World Craft Council халықаралық ұйымының шешімімен «Қолөнершілер қаласы» деген мәртебе берілгенін атап өткен жөн.

Бұдан бөлек, визит орталықта Қазақстан Президенті мен Түрікменстанның Ұлт көшбасшысы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі бірегей тарихи жәдігерлермен танысты.



## ОТАНЫМЫЗДЫ ТАЗА ҰСТАУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚАСТЕРЛІ ПАРЫЗЫ

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалінде сөз сөйледі.

Президент өз сөзінде бүгінгі жиынның маңызына тоқталып, «Тазалық» фестивалі өте тағалымды іс-шара екенін айтты.

– Осыдан бір жыл бұрын бәріміз бір ел болып «Таза Қазақстан» жобасын бастадық. Мен, ең алдымен, осы жалпыұлттық бастамаға алғашқы күннен бастап белсене қатысып жатқан әр азаматқа шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, солардың қатарында өздеріңіз сияқты жалынды әрі дарынды жастарымыз өте көп. Сіздер еліміздің әр аймағында еңбек етіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрсіздер. Бұл – үлгі боларлық іс. Мен Мемлекет басшысы ретінде сіздерді әрдайым қолдаймын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тазалықтың мәні мен мағынасы жайындағы пікірімен бөлісіп, ойдың да, бойдың да, қоршаған ортаның да тазалығын сақтау әр адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші деп баға берді. Сондықтан тазалық халқымыздың болмысына сіңген қасиет болуы қажет екенін үнемі айтып келе жатқанын еске салды.

– Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл –

біздің өмір салтымыз. «Жас келсе – іске» деп халқымыз бекер айтпаған. Баршаңызды табиғатты қорғау идеясы біріктіріп отыр. Сіздер бәріңіз бірге істеп жатқан жұмыстың арқасында бұл игі бастама осындай үлкен қозғалысқа айналды. Ортақ іске күш жұмылдыру дегеніміз – осы, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілердің еңбегінде ерекше атап өтті. Оның айтуынша, волонтер болу, ең алдымен, нағыз отаншыл азамат болу – яғни, патриот болу деген сөз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы экологияны жақсартуға кәсіпорындар мен кәсіпкерлер зор үлес қосып жатқанына тоқталды. Президент «Таза Қазақстан» аясында өте ауқымды жұмыс атқарылғанын, миллиондаған тонна қоқыс жиналып, көшет егілгенін тілге тиек етті. Бұл ретте «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясының жақсы дәстүрге айналғанын жеткізді.

– Осы шара шеңберінде бүкіл еліміз бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)



## ЕЛОРДА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРАНАДЫ

Мемлекет басшысына елорданы көгалдандыру және абаттандыру жоспары таныстырылды.

Жеңіс Қасымбек биыл Астана қаласында 1 миллионнан астам түп жасыл желек егу жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар 180-нен аса қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру көзделіп отырғанын жеткізді.

Аталған жұмыстар шаһардың тарихи көшелерінде, Президент саябағында, Үкімет үйінің айналасында, Есіл өзенінің жағалауында, «Мыңжылдық» аллеясында, Триатлон паркінде, Greenline бульварында, Желілік саябақта, вокзал маңы мен Иллюзия паркінде, Сығанақ, Ш.Қалдаяқов, Гете, Біржан сал және басқа да көшелердің бойында жүргізіледі.

Сондай-ақ Ақбулак өзенінің арнасын тазалау жалғасады. Келесі айда «Қазақстан» спорт кешенінің жаңғырту жұмыстары басталады.

Астанада ағаштарды құжаттандыру және цифрландыру арқылы есепке алу шаралары



қолға алынады. Қала тұрғындары QR кодтың көмегімен ағаш туралы ақпарат алып, оған қатысты мәселе туындаса тиісті органдарға хабарлау мүмкіндігіне ие болады.

### КӨҢІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Рим Папасы Францисктің қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Рим Папасы Францисктің қайтыс болғаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді. Президенттің айтуынша, Понтифик әділет пен мейірімнің, гуманизмнің ізгі мұраттарын ілгерілетуге өлшеусіз үлес қосқан аса көрнекті рухани тұлға еді.

– Мен Рим Папасымен кездесулерімді және оның 2022 жылы Қазақстанға жасаған діни төзімділіктің, бейбітшілік пен өзара түсіністіктің символына айналған Апостолдық тарихи сапарын ыстық ықыласпен еске аламын. Рим Папасы Францисктің есімі әлем жұртшылығының есінде әрқашан бейбітшіліктің ұлы жақтаушысы және конфессияаралық диалог пен келісімнің қорғаушысы ретінде мәңгі сақталады, – деп жазды Президент Х әлеуметтік желісіндегі өзінің парақшасында.

Ғазиза ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,  
Ұлттық кітапхана директоры:

## ТАСҚА ТҮСКЕН ДҮНИЕ ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ҚАЖЕТ

Әлемдегі кез келген мемлекеттің тарихи жадысы, рухани болмысы сақталған бірден-бір мекен – кітапхана. Себебі жазу мәдениеті мен құжаттық дәлелдемелер тоғысқан өркениет ордасы кітап оқуға ғана емес, өз тамырыңды тануға арналған алаң сияқты. Сол үшін де кітапхана жүйесіне артылар жауапкершіліктің салмағы зор. Біз таяуда Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың басшылық қызметіне кіріскен Ғазиза Құдайбергенқызымен арнайы кездесіп, сала төңірегінде сұхбат құрған едік. Ол қазіргі замандағы кітапхана миссиясы, сирек қор мен қолжазбаларды қайта жаңғырту, цифрландыру процесі және т.б өзекті тақырыптар туралы пікірін айтты.



## АҚОРДА

22 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

# ОТАНЫМЫЗДЫ ТАЗА ҰСТАУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚАСТЕРЛІ ПАРЫЗЫ



(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатты аялау, тазалық мәдениетін әрбір азаматтың, әсіресе жас ұрпақтың санасына сіңіру өзекті деп санайды.

– Мысалы, коқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу – аса маңызды. Бұл біздің қоғамның қалыпты қағида-тына айналуы қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» компаниясының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған ортаны аялауға, қорғауға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді. Мен жаңа ғана көрмені араладым. Онда экологияға мән берген кәсіпорындарымыздың жұмыстары қойыл-

ған. Оларға ризашылығымды білдіремін. Қоғамда жаңа экологиялық мәдениет қалыптасып жатыр. Тұтас елдің сана-сезімі өзгере бастады. Жастарымыз мұны терең түсінеді, – деді Президент.

Мұнан соң Мемлекет басшысы жастар ұсынған жобалармен танысқанын жеткізіп, әр бастамадан туған елге, табиғатқа деген қамқорлық байқалатынына назар аударды. Мысалы, Дана Есенғали мен Камилла Қышқашбаеваның жобаларына тоқталып, бұдан қазақ жастарының жасампаз болмысы көрінетінін, ел мен жерге шынайы жанашырлығы білінетінін мәлім етті. Сонымен қатар Қазақстанның болашағы осындай санасы сергек, ойы ұшқыр жастардың қолында екенін баса айтты.

– Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Туған жерімізді ешкім сырттан келіп тазалап, көркей-



тіп бермейді. Отанымызды таза ұстау – әр азаматтың қастерлі парызы. Соңғы жылдары елімізде көптеген маңызды өзгеріс болды. Әділетті мемлекет болу үшін біз заң мен тәртіпке бағынатын қоғам құрып жатырмыз. Сондай-ақ ауқымды реформалар жүргізіліп жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, өскелең ұрпақ үшін, яғни сіздер үшін жасалуда. Қазақ жастарының болашағы – жарқын, жолы – ашық. Мен сіздерге сенемін, зор үміт артамын! Отаншыл, білімпаз, еңбекқор болыңыздар деп тілеймін. Сонда Қазақстанымыз да Әділетті, Таза, Қауіпсіз және Өркендеген озық ел болмақ. Бәріңізге сәттілік тілеймін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фестиваль соңында «Таза Қазақстан» акциясына белсенді қатысқан, қоғамда тазалық мәдениетін дәріптеуге ерекше атсалысқан бір топ жас марапатталды.

Сонымен бірге Президент «Таза Қазақстан» экофестиваліне арналған көрмені тамашалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев көрме экспозицияларын аралап көрді. Мұнда коқыс өңдеу, өндірістік кәсіпорындар жобалары, табиғат тазалығы бойынша стартаптар, мектеп оқушыларының экологиялық бастамалары, сонымен қатар балалардың қоршаған орта тақырыбына арналған шығармашылық жұмыстары қойылған.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық фестивалі аясында Астана қаласындағы «Жастар» саябағында экobel-сенділермен бірге ағаш екті.

Айта кетелік, «Бүкіл қазақстандық ағаш егу күні» акциясы аясында ел бойынша соңғы үш күнде 4,5 миллионға жуық көшет егіліп, орман алқабымызды толтырды.

## ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ



Кеше Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 24 сәуір күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Соған сәйкес, сенаторлар алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Заңның негізгі мақсаты – қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін енгізу, қазақстандық тауар өндірушілер мен олар өндіретін тауарлар туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірыңғай орнын қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау шараларының атау-лығын арттыру.

Сондай-ақ бюро отырысында комитеттердің алдағы отырыстарының тақырыбы талқыланды. Соның аясында депутаттар мен мүдделі тараптардың ауыл шаруашылығын

(бау-бақша және жүзім шаруашылығы) дамыту және «жасыл» инвестицияны тарту мәселелеріне қатысты бірлескен іс-шаралары күн тәртібіне шығарылды.

Іс-шара барысында бұған дейін Парламент Мәжілісінде қабылданған заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

Сонымен қатар отырыс соңында Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіне белсенді қатысып, этносаралық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға сіңірген еңбегі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен марапатталған бірқатар сенаторға «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» медалі салтанатты түрде тапсырылды.

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмуштың шақыруымен Ерлан Қошанов бастаған бір топ Мәжіліс депутаты Түркия Республикасына ресми сапармен барды. Анкара қаласында депутаттар Парламент басшылығымен кездесіп, екі ел арасындағы стратегиялық әріптестік пен парламентаралық қарым-қатынасты дамыту мәселелерін талқылады.

## ЕКІЖАҚТЫ ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСПЕК

Нуман Куртулмушпен кездесуде Мәжіліс төрағасы әріптесін Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің 105 жылдығымен және Ұлттық егемендік күнімен құттықтады.

Ерлан Қошанов 100 жылда Түркияның ғаламат жетістіктерге қол жеткізгенін атап өтіп, қос мемлекеттің арасында шынайы достық пен туыстық байланысқа негізделген берік ынтымақтастық орнағанына айрықша назар аударды.

– Мемлекеттеріміздің арасындағы қарым-қатынас ерекше жақын дер едім. Бұл жақындығымызды екі ел көшбасшылары арасындағы бауырлық байланыстан-ақ аңғаруға болады. Президенттеріміздің арасында мызғымас достық, сыйластық байланыс бар. Олар өте жиі кездесіп тұрады. Әр кездесуі ынтымақтастықты тереңдетуге зор серпін береді. Дәл осындай достық қарым-қатынас Парламент деңгейінде де қалыптасты. Алда біз өз тарапымыздан екі ел басшыларының уағдаластықтарын заңнамалық тұрғыда жүзеге асыратын боламыз, – деді палата спикері.

Парламентаралық ынтымақтастықтың перспективалары өңгіменің өзегіне айналды. Бұл ретте тараптар заң шығару бағытындағы байланысты тереңдетуге келісті.

– Біздің депутаттарымыз да бір-бірімен жиі кездесіп тұрады. Парламент – халық өкілдері жиналатын орын. Сондықтан біз халықтың өкілдері ретінде екі елдің тығыз араласуына, жақындасуына жол ашамыз. Парламенттік дипломатияның миссиясы да осы. Бір-бірімізден үйренетін тұстарымыз аз емес. Біз Түркиямен парламентаралық серіктестікті одан әрі нығайтуға мүдделіміз, – деді Мәжіліс Спикері.

Тараптар көпжақты форматта да ықпалдастықты тереңдетуге қызығу-



шылық танытып отыр. Бұл ретте Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясы аясындағы жұмысқа ерекше мән беріледі. Аталған ұйымға төрағалық биыл Қазақстанға өтеді. 11-12 маусымда Астанада ТҮРКПА-ның отырысы жоспарлануда. Оған түркі тарапы қатысатынын айтты.

Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы өз сөзінде қазақ-түрік ынтымақтастығы барлық салада қарқынды дами беретінін атап өтті.

– Біз Қазақстанның әр жетістігіне шын қуанамыз. Былтыр Қазақстанда ресми сапармен болдым. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен және Өзіндік бен өткен кездесулерде екі ел арасында байланысты одан әрі жетілдіруге ықпал ететін маңызды тақырыптарды талқыладық. Бүгін сол өңгімені жалғастырып жатырмыз. Біз достық топтарымыздың

және халықаралық ұйымдардың аясында бірлескен жұмысты нығайтатын боламыз, – деді Нуман Куртулмуш.

Мемлекетаралық қатынастарды дамытуда партияаралық байланыстың да маңызы зор. Қос тарап бұл салада да жұмысты ілгерілетуге дайын екенін жеткізді.

Бұдан бөлек, сауда-экономика, ауыл шаруашылығы, әскери-техникалық саладағы серіктестік мәселелері ортаға салынды. Мәдени-гуманитарлық қатынасты тереңдету жайы да кенінен сөз болды.

Сапар барысында делегация мүшелері Ататүрік кесенесіне гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысып, Мұстафа Кемал Ататүріктің рухына тағзым етті. Мәжіліс спикері құрмет кітабына жазба қалдырып, Тәуелсіздік соғысы мұражайын және Президент жанындағы Ұлт кітапханасын аралады.

# ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАР ИНСТИТУТЫН ДАМУ ТУРАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ



Мәжілісте вице-спикер Дания Еспаеваның төрағалығымен Үкімет сағаты өтті. Онда Қазақстандағы жеке сот орындаушылар институтын дамыту мәселелері мен келешегі талқыланды. Тақырып бойынша Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев баяндама жасады.

Отырысты ашқан Дания Еспаева Парламентке сот орындаушыларының әрекетіне қатысты азаматтардан көптеген арыз-шағым түсетінін баса айтты. Депутаттарға халықтан жиі келетін шағымдардың бірі — өндіріп алынатын соманың 25 пайызы мөлшерінде жеке сот орындаушысының қызметі үшін алынатын ақы.

— Осыған байланысты депутаттар азаматтарға түсетін қаржылық жүктемені азайту үшін өткен жылы оңайлатылған іс жүргізу институтын енгізді. Енді 20 айлық есептік көрсеткішке дейінгі әкімшілік айыппұлдар мен салық берешектерін робот жүзеге асырады, сот орындаушысы мүлде қатыспайды. Осының нәтижесінде 8 ай ішінде азаматтардың 900 млн теңгедей қаражаты үнемделді, — деді Дания Еспаева.

Дегенмен, оның айтуынша, атқарушылық іс жүргізу сапасын жақсарту үшін қабылданып жатқан заңнамалық және өзге де шараларға қарамастан, сот орындаушыларының жұмысына шағымдар азаймай отыр. Соңғы жылдың өзінде ол әкі есеге артып, 89 мыңнан асқан.

Бүгінде республика бойынша 2 110 жеке сот орындаушысы жұмыс істейді, олардың іс жүргізуінде жалпы сомасы 15,9 трлн теңгені құрайтын шамамен 5 млн атқарушылық құжат бар. Аталған құжаттың 50 пайызы шағын несиелер бойынша өндіріп алуға қатысты. Бұл — халықтың шамадан тыс несие алуының тағы бір дәлелі.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары алимент өндіруге қатысты әлеуметтік маңызы бар істердің санатына ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. 2024

жылдың соңына қарай бұл саладағы проблемалы іс жүргізу саны 12 мыңнан асып, балалар алдындағы берешек 17 миллиард теңгеге жеткен.

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев баяндамасында алимент өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау кезіндегі негізгі проблемалар тұрақты табыстың, мүлктің болмауына байланысты екеніне тоқталды. Жұмыссыз борышкерлерді жүйелі түрде жұмысқа орналастыру бойынша шаралар жүргізілуде. Мәселен, 2024 жылы 6 232 борышкер жұмысқа орналастырылған. Кейбір жағдайларда борышкерлер кірістерін әдейі жасырып, кейін жауапкершілікке тартылады. Алайда Әділет министрлігі бұл шараларды қабылдау алимент төлеу мәселесін толық шешпейтінін айтады.

— Аталған проблемалық мәселелерді шешу үшін «Цифрлық сот орындаушысы» 40 айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомаларды өндіріп алу арқылы оның қолданылуын кеңейту ұсынылады. Агрегатор-сайттар арқылы жұмыс істейтін борышкердің

жасырын табысын анықтайтын боламыз. Қазіргі уақытта борышкерлердің өзге де кіріс көздерін анықтау және олардан берешектерді өндіріп алу мүмкіндіктеріне талдау жасалып жатыр, — деді Е.Сәрсембаев.

Жеке сот орындаушылар республикалық палатасының төрағасы Айдос Иманбаев жеке сот орындаушылардың кәсіби қоғамдастығы да өз қызметінде проблемаларға тап болатынына назар аударды. Олардың қатарында әлеуметтік қорғансыздығы және денсаулығы мен өміріне қауіп, атқару мерзімдерін жасанды түрде созу, кейбір микроаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктер тарапынан өндіріп алушылардың құқықтарын теріс пайдалану бар. Ол депутаттардан бұл шешімге қолдау көрсетуін сұрады.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева қосымша баяндамасында осы төңіректі басқа да бөлімдерімен жүрген мәселелерге тоқталды. Басым бөлігі — құжаттарды ресімдеудегі әрекетсіздік пен шара қолданбауға қатысты шағымдар. Тағы бір өзекті мәселе — 2022 жылғы Үкімет сағатында да талқыланған сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізу қатысушыларымен өзара іс-қимылы.

— Содан бері көп нәрсе өзгері қойған жоқ. Бұрынғыдай азаматтар сот орындаушыларымен тиісті кері байланыс орната алмайды. Сот орындаушылары мен олардың көмекшілері әдепсіз мінез-құлық танытып, дөрекілікке жол беріп, атқарушылық іс жүргізу бойынша ақпарат бермей, өндіріп алушылар мен борышкерлердің телефон қонырауларын елемеуді жалғастыруда, — деді С.Имашева.

Осыған орай депутат әдеп нормаларын бұзғаны және атқарушылық іс жүргізу қатысушыларымен тиісінше өзара іс-қимыл жасамағаны үшін сот орындаушыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту жұмысын күшейту қажеттігін атап өтті.

## САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Жуырда Астана IT университетінде «Әйел аманаты» жобасы аясында мектептерге арналған халықаралық аккредиттеу семинары өтті. «Мектептерді халықаралық аккредиттеу: NAAR/IAAR тәжірибесі және білім сапасын қамтамасыз ету» тақырыбында өткен оқыту семинарына елордалық және өңір мектептерінің директорлары, орынбасарлары, партия мүшелері қатысты.

Қазір еліміздің орта білім беру жүйесінде халықаралық сапа стандарттарын қамтамасыз етуге бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Осыған орай NAAR/IAAR әйел-мектеп басшыларын халықаралық аккредиттеу сарапшысы ретінде даярлау мақсатында арнайы оқыту семинарын ұйымдастырып отыр. Бұл қатысушы әйелдер үшін мансаптық өсуге, тәжірибе алмасуға, ел ішіндегі және халықаралық деңгейде білім сапасын бағалауға қатысуға жол ашады. Семинарда сөз алған Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім комитеті, сондай-ақ Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы мен Ақтөбе облысының Жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшылары халықаралық аккредиттеудің маңызына тоқталып, оның жүзеге асуында басымдық беру керігін атап өтті. Мектептегі білім беруден бөлек, жоғары оқу орындарының аккредиттеу тәжірибесі бүгінде қалыпты жағдайға айналған. Бұл туралы Астана IT University ректоры Асқар Хикметов кенінен тоқталды.

«Бұрын шетелдік агенттіктерге тәуелді едік, қазір өзіміздің ұлттық жүйеміз бар. Бұл тәжірибені орта білімге де енгізу дұрыс қадам деп санаймын. Болашақ университет студенттері дегеніміз — бүгінгі мектеп оқушылары. Сондықтан бұл жүйенің бірізділігі мен сапалылығы болашақ азаматтардың капиталын негізі болмақ», — деді.

Бүгінде еліміздің экономикасында жұмыс істейтін әрбір бесінші әйел — білім беру саласының өкілі. Мектеп директор-

ларының, партияның бастауыш ұйымдарының басшылары мен мүшелерінің басым бөлігі — әйелдер. Демек, мектептегі білім сапасы мен болашақ ұрпақтың тәрбиесі көбіне-көп осы әйел басшыларға байла-



нысты. Жиында айтылған тағы бір маңызды мәселе — халықаралық аккредиттеу тек мұғалімдер мен директорларға қатысты емес, жалпы мектептің оқу ортасын, материалдық-техникалық базасын, басқару сапасын, оқушылардың әлеуметтік-эмоционалды жағдайын, ата-аналармен өзара әрекеттесуіне оң ықпалын тигізеді.

«Бүгінгі семинар — білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды шараның бірі. «AMANAT» партиясы әйелдердің

кәсіби дамуына, олардың білім беру жүйесіндегі ролін күшейтуге тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді. Халықаралық аккредиттеуді енгізу арқылы әр мектеп бір жүйеде жұмыс істеп, барлық стандартқа сай сапалы білім береді», — деді «AMANAT» партиясының Астана қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Мария Өтебаева.

Қазіргі таңда елімізде халықаралық мектеп мәртебесіне 14 мектеп ие. Осы тұста сөз алған Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің кеңесшісі Ольга Алексеевна орта білімді аккредитациялау тәжірибесі шетелде де жүйеге енгенін атап өтті.

«Бүгінде білім беру сапасы — жоғары білім деңгейі үшін де, техникалық және кәсіптік білім беру деңгейі үшін де басты әрі басым мәселе екені бәрімізге белгілі. Бүгінгі семинарымыз дәл осы тақырыпқа — мектептерді аккредиттеу мәселесіне арналған. Бұл тек халықаралық мектептерге ғана қатысты емес, сонымен қатар мемлекеттік мектептерге де қатысты. Біздің агенттік 2011 жылы құрылған және білім беру бағдарламаларын да, білім беру ұйымдарының қызметін де халықаралық деңгейде аккредиттеумен айналысады, яғни институционалды аккредиттеу жүргізеді. Мұны елімізде ғана емес, Еуропа, Азия және Америка елдерінде де жүзеге асырып отырмыз. 2018 жылдан бастап 200-ден астам ұйым

мен шамамен 6 000-ға жуық білім беру бағдарламасы аккредиттелді. Бұл — біздің тәжірибеміздегі оң көрсеткіш», — деді ол.

Айта кетейік, іс-шараны «AMANAT» партиясының қолдауымен Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (NAAR/IAAR) ұйымдастырды. Жиын офлайн және онлайн форматта өтіп, орта білім саласына жана серпін әкелетін тәжірибе талқыланды.

С.БЕГІМБАЙ

## МҮГЕДЕКТІГІ БАР САЙЛАУШЫЛАР ҚҰҚЫ САҚТАЛАДЫ

Орталық сайлау комиссиясының басшысы Нұрлан Әбдіровтің төрағалығымен ҚР ОСК жанындағы мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті.

Жұмыс тобының отырысына Енбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Асқарбек Ертаев, жұмыс тобының мүшелері, мемлекеттік органдардың, ҰЕҰ өкілдері, әртүрлі өңірлерден келген сарапшылар қатысты.

Нұрлан Әбдіровтің айтуынша, ОСК жанында 2018 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс тобы 2022 жылдан бастап жана ереже негізінде жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ жұмыс тобының құрамы мерзімді түрде үнемі жанартылып отырады.

— Бүгінгі таңда қатысушылардың 70%-дан астамы қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, бұл жұмыс тобының қолданбалы бағытын күшейтеді және мүгедектігі бар адамдардың сайлау процесіне нақты қажеттіліктерін есепке алуға ықпал етеді. Мемлекет басшысы К.Тоқаевтың ауқымды конституциялық реформасы шеңберінде заңнамада бекітілген квотаның Мәжілістің партиялық тізімдеріне кемінде 30%-ы әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар құрауға тиіс. Бұл норма тізімдерді тіркеу кезінде де, мандаттарды бөлу кезінде де міндетті болып табылады, — деді ОСК Төрағасы.

Ол сондай-ақ бүкіл ел бойынша сайлау комиссияларының мүгедектігі бар мүшелерінің саны 2019 жылғы 455-тен бүгінгі күнге 735-ке дейін ұлғайғанын атап өтті.

— Бұл — инклюзивтіліктің жүйелі саясатын бірізді іске асырудың нәтижесі. Дегенмен әрі қарай даму маңызды. Біз партиялардың сайлауды бағдарламалары мүгедектігі бар адамдардың барлық санаттарына — мазмұны жағынан ғана емес, техникалық жағынан да қолжетімді болуға тиіс деп санаймыз. Ол үшін біз жұмыс тобының мүшелерін сайлауда қолжетімді ортаны кеңейтуге ықпал ететін нақты ұсыныстарды енгізуге шақырамыз, — деді ол.

Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (құзыреті саласында жүргізіліп жатқан қызмет туралы Асқарбек Ертаев баяндама жасады. Ол сайлау процесінде қолжетімді ортаны құру мәселелеріне назар аударды, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар үшін «Қолжетімділіктің интерактивті картасы» порталының пайдасы туралы хабарлар өтті.

ЖИЫН БАРЫСЫНДА ОСК МЕН ЕНБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ КЕЛІСІМ НЕГІЗІНДЕ ОСК ҚАРТАСЫН ӘЗІРЛЕУ ТУРАЛЫ УАДАЛАСЫ. ОСК ТӨРАҒАСЫ БАСТАМА

Сонымен қатар комитет басшысының айтуынша, алимент, борышкерлерді шығару, құрылыстарды бұзу, баламен қарым-қатынас тәртібі және баланы тартып алу сияқты санаттағы істерді орындау проблема күйінде қалып отыр. Сондай-ақ сот орындаушыларының борышкерлер мен өндіріп алушылардың құқықтарын бұзуы, өндіріп алушылардың ақшалай сомаларын уақытты аудармау және оларды иемдену, істердің сот орындаушыларына тең жүктелмеуі, кадрлардың сапасы мен орындау сапасына әсер ететін кәсіпке оңай қол жеткізу сынды мәселелердің шешімін табу қажет. Сондай-ақ депутат сот орындаушылар туралы заңның өзінше де жетілдірілмегенін атап өтті.

Талқылау барысында мәжілісмендер өзге де мәселелерді ортаға салды. Атап айтқанда, Жеке сот орындаушылар республикалық палатасының нормативтік құқықтық актілері мен жұмыс тетіктерін қайта қарау, жеке сот орындаушыларына бақылауды сот органдарының құзырына беру, олардың жауапкершілігін арттыру шаралары, оның ішінде азаматтарға заңсыз келтірілген зиянды өтеу және лицензиядан айыру және басқа да мәселелер.

Үкімет сағатының қорытындысы бойынша Мәжіліс депутаттары жеке сот орындаушыларының жұмысында қордаланған мәселелерді шешу үшін уәкілетті органдарға бірқатар ұсыныс әзірледі. Атап айтқанда, ата-анасы алимент төлеу жөніндегі міндеттен жалтарған көмелетке толмаған балалар үшін мемлекеттік алимент қорын құру мәселесін зерделеу қажеттігі айтылды.

Жалпы, Әділет министрлігіне өндіріп алушылардың да, борышкерлердің де құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту мақсатымен атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру бойынша заңнамаға түзетулер әзірлеу ұсынылды.

Депутаттардан түскен сұрақтар мен ұсыныстар ұсыныстарда жинақталып, Үкіметке жолданатын болады.

Сонымен қатар Мәжілісте Үкімет сағаты аясында Әділет министрлігінің ұйымдастыруымен тақырыптық көрме өтті. Онда сот өндірісі саласындағы цифрлық шешімдер, оның ішінде оңайлатылған іс жүргізуді енгізу аясында әзірленген «цифрлық сот орындаушысы» жобасы және мобильді қосымшасы бар автоматтандырылған ақпараттық жүйе таныстырылды.

Тілек ҚАБЫЛ

## ҚОҒАМ

22 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

## БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫ ҚОРҒАЛУЫ КЕРЕК

Астанада «AMANAT» партиясы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Республикалық кеңес алаңында «Қазақстан балалары» Ұлттық бағдарламасын әзірлеуге арналған алғашқы жиын өтті. Оған 100-ден астам адам қатысты. Сондай-ақ еліміздің барлық өңіріндегі 500-ден астам азамат жиынға бейнебайланыс режимінде қосылды. Бірегей формат балалармен күн сайын жұмыс істейтін және жүйедегі барлық түйткілді жақсы білетін мамандардың үнін естуге мүмкіндік берді. Олардың қатарында балалар үйлерінің қызметкерлері, мектеп директорлары, дәрігерлер, дағдарыс орталықтарының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және ата-аналар болды.

Негізгі міндеттің бірі нағыз «миға шабуыл жасау» еді. Яғни, қатысушылар денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау, білім беру, инклюзия және спорт, сондай-ақ зорлық-зомбылық, суицид және балалар қауіпсіздігі мәселелері бойынша үш топқа бөлінді. Бірнеше сағат ішінде олар өз ұсынысын әзірлеп, оны отырыстың пленарлық бөлігінде ұсынды.

«Біз мәселені талқылап қана қоймай, Қазақстандағы өзекті мәселелерді шешуге және қолданыстағы тетіктерді жақсартуға бағытталған бағдарламаға енетін нақты шешімдерді жинап жатырмыз. Бұл құжат әкімнен бастап, уәкелілік полиция қызметкеріне, мұғалімнен бастап, министрге дейінгі барлық мемлекеттік орган үшін ортақ бағдар болады», — деді Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, «AMANAT» партиясы жанындағы Республикалық кеңестің төрағасы Динара Зәкиева.

Оның айтуынша, «Қазақстан балалары» бағдарламасы — ондаған шараны жүйелеуге, қайталануды жоюға және бала құқықтарын қорғау саласындағы барлық мәселеге нақты шешімдер енгізуге жол ашатын бірегей мүмкіндік. Бұл қадам ауылдан бастап ел астанасына дейін бірыңғай

үйлестіруші вертикаль құруға мүмкіндік береді.

«Бағдарлама инклюзивті білім беруден, денсаулық сақтаудан бастап, әлеуметтік қолдауға дейінгі, баланың цифрлық қауіпсіздігін бастап, балалардың құқығын қорғау органдарын реформалауға дейінгі аралықтың бәрін қамтиды. Президент бастамасы жана қадамдарға жол ашады. Енді бұл реформаны нақты мазмұнмен толықтыру — біздің ортақ міндетіміз», — деді Динара Зәкиева.

Пікірталас бейресми форматта өткенімен, ауқымды тақырыптарды қамтыды. Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Айна Мысырәлімова мен Үнзила Шапақ кеңес жұмысының маңызына тоқталды.

Айна Мысырәлімова әлеуметтік саладағы көп мәселе заңдарда және заң аясындағы актілерде көрініс тапқанын, алайда үйлестіру жұмысы мен азамат ресурстарын жетілдірушілігінен іс жүзінде шешілмей отырғанын жеткізді.

«Бізге әлеуметтік қызметкерлерді даярлайтын білім беру бағдарламасы жоқ. Төмен жалақы мен қандай да бір қолдаудың болмауы жұмыс сапасына әсер етеді. Көп



мәселе заңда көрініс тапқанымен, қаржы жетіспеушілігіне немесе жергілікті жердегі белгілі бір орындаушының жұмысына байланысты шешілмеуі. Кейде шешім бар болғанымен, ол жүйелі жүзеге асырылмайды», — деді ол.

Үнзила Шапақ талқыланған реформаның гуманитарлық мәніне баса назар аударып, қоғамның балаға деген көзқарасы тұтас ұлттың даму, жетілу көрсеткіші екенін атап өтті.

«Президент балалардың балалық шағы болуы керек екенін әрдайым айтты. Олар қауіпсіз ортада өмір сүруі, өсіп-жетілуі керек. Егер бала қорқынышты, қауіпті ортада өсетін болса, даму тақырыбы туралы айтудың қажеті жоқ. Бүгін біз тек саясат немесе стратегия туралы емес, қоғамдағы балалық шақтың құндылығы туралы айтып отырғанымызға сенімдімін. Біз әр баланың бойынан жеке тұлғаны көруге міндеттіміз. Олардың әрдайым үні естіліп, құқығы қорғалуы керек», — деді ол.

Орталық сарапшылардың да, аймақтардағы өкілдердің де ұсыныстары арасында ондаған жүйелі шешімдер бар.

Мәселен, Орал қалалық мәслихатының депутаты Азима Губашева «тәуекел тобын-

дағы» балалармен жұмыс істеу кезінде «бір терезе» қағидатын енгізуді ұсынды. Оның пікірінше, психологтер, зангерлер, әлеуметтік қызметкерлер және ювеналды полиция қызметкерлері қауіп-қатерді ерте анықтау және уақытылы қолдау көрсету үшін бірыңғай жүйеде әрекет етуі керек. Ол сондай-ақ баланың дамуының, денсаулығының, білімінің және әлеуметтік қорғалуының жай-күйі ескерілетін цифрлық карта құруды ұсынды.

Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Ғалымжан Елшібай балалар арасындағы зорлық-зомбылық тақырыбын қозғап, алаңдартарлық статистиканы алға тартты. Мәселен, Қазақстандағы оқушылардың үштен екісіне жуығы үйде, мектепте немесе балабақшада қандай да бір зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Депутат мектептердегі профилактикалық жұмысты жандандыруды, мектеп психологтерінің қызметін жүйелеуді, беделді қоғам қайраткерлерін ағартушылық жұмысқа қосуды және тұрмыс жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларды үйірмелер мен секцияларға тарту үшін ArtSport бағдарламасының ресурстарын пайдалануды ұсынды.

«AMANAT» партиясы Павлодар облыстық филиалы жанындағы Отбасы және

халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі кеңестің жетекшісі Марина Стрелковская сирек көтерілетін тақырыпты қозғап, балаларға паллиативтік көмек көрсетілмейтінін еске салды. Ол айықпас дертке шалдыққан балалары бар отбасылар көбіне басқа түскен мәселемен жалғыз күресетінін атап өтті: қымбат жабдықтар, күтім, дәрі-дәрмектер — мұның бәрі ата-ана мойнына артылады. Осыған байланысты ол медицина тұрғысында ғана емес, психологиялық тұрғыда да көмек көрсететін мекемелер желісін құруды ұсынды.

Сарапшы Гүлжан Верокая психологиялық ағарту мен ерте араласудың маңызына баса назар аударды. Ол мектептерде психологпен міндетті сағаттарды енгізуді, ұлттық балалар сайтын құруды, сондай-ақ отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы шараларды кеңейтуді ұсынды.

Қоғам қайраткері Роза Ақылбекова көмекте толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық пен суицидке төзбеушілік саясатын енгізуді, дағдарысқа тап болған отбасыларға мониторинг жүргізу үшін бірыңғай ведомстволық база құруды және мүгедектігі бар балалардың құқығын қорғау жұмысын күшейтуді ұсынды. Сондай-ақ ол ұсынған бастамалардың қатарында ата-аналарға арналған жеке психологиялық қолдау бағдарламалары, оналық орталықтарын кеңейту және ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасыларға жүйелі қолдау көрсету қадамдары бар.

Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан сарапшылардың ұсынысын ескеруге дайын екенін жеткізіп, мұндай талқылауды балалық және жасөспірім шаққа қатысты жаңа қоғамдық қозғалыстың бастауы деп санауға болатынын атап өтті.

Ұсыныстарды жүйелеу жұмысы мамыр айының соңына дейін жалғасады. Содан кейін салалық министрліктермен бірлесіп ведомстволық псыкқтау кезеңі басталады. «Қазақстан балалары» бағдарламасы 2025 жылдың соңына дейін әзірленіп, еліміздегі бала құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың басты құжатына айналуға тиіс.

## ЖЫЛАҒАН ЖАРЛЫ ЕМЕС, ЖҰТАҒАН ЖАРЛЫ

Ауқатты адамдардың аузы асқа жарымаған кедей көрініп, байлығын жасырып, мемлекеттен көмек алуы — алаяқтықтың бір түрі болса керек. Тапқаны тамағына, жұтқаны жұмырығына жетпей жүрген отбасыларға арналған жәрдемді жолай жырып әкету арға, адамгершілікке қайшы. Мемлекет мұны құптай алмайды. Сондықтан атаулы әлеуметтік көмек тағайындау қағидалары өзгеріп жатыр. Енді ол Президент тапсырмасымен тек мұқтаждарға беріледі. Алушылардың қаржылық жағдайы қатаң тексеріледі. Реформа аясында қандай жаңашылдықтар өмірге жолдама алмақ?

**А** Айхан ШӘРІП

## КЕДЕЙ КӨРІНГЕН БАЙ АРСЫЗ...

Елімізде атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) 2002 жылдан тағайындала бастады. Содан бергі 20 жылдан астам уақыт ішінде бұл тетік талай рет жетілдірілді. Оны бірде ай сайын, бірде тоқсан сайын төлеу тәсілі сыналды. Бүгінде классикалық моделіне, яғни тоқсанда бір рет көмек ұсыну үлгісіне қайта оралды.

Өзгерістер аясында 2020 жылы кепілдендірілген әлеуметтік топтама (КӨТ) енгізіліп, жағдайы төмен отбасылардың балаларына деп азық-түлік, гигиена және тұрмыстық химия тауарлары таратыла бастады. Бірақ ата-аналардың бір тобы тегін берген тауарды ризалықпен қабылдау орнына тандаумен және ассортиментін әлеуметтік желіде ашықтан-ашық сынаумен әуестеніп кетті. Содан Үкімет былтыр КӨТ-ті де ақшалай беруге ауысты. 1-6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК көлемінде ай сайынғы қосымша төлем беріледі. 2025 жылғы ұш айда АӘК алушылар қатарынан мектеп жасына дейінгі 65 мың балаға 1,1 млрд теңге берілді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің түсіндіруінше, атаулы әлеуметтік көмек жүйесін түбегейлі реформалайтын кез жетті. Себебі оны ерінбегеннің, ебін тапқанның бәрі алатынды шығарды. Мысалы, 2019 жылы АӘК 2,5 миллион адамға және 485 мың отбасына тағайындалыпты. Осы ақшалай жәрдемді алу үшін көзбояушылықпен ажырасатындар көбейген. Сондай-ақ мемлекеттен 1,5 миллион теңгеді АӘК алғандар арасында зәулім қоттеджде тұратындар, қымбат көлігі барлар, тіпті бизнес жүргізетіндер өшкереленді.



Сондықтан 2020 жылдан бері әр өңірде арнайы уәкелілік комиссия құрылды. Оның міндетіне көмек алушының үйіне «ревизорлық» тексеріспен барып, отбасының шынайы әлеуметтік ахуалын анықтау кірді. Тек бір жылда комиссиялар занысз түрде тағайындалған АӘК-ті алып келген 73 мыңнан астам бай адамды анықтаған!

Өзгелерінің де бұл көмекке қол жеткізу шарты қатаңдатылды. Мысалы, АӘК тағайындау талабы бойынша кедей отбасылардың еңбекке жарамды мүшелерінен екі қолға бір күрек табу немесе мемлекет ұсынған жұмысқа орналасу талап етілетіні мәлім. Ал үйде бала баққан ата-аналарға перзенті 7 жасқа толғанша тиіспейтін. Жаңашылдықтар аясында бала күтімімен отырған ана не әкелен енді бала 7 емес, 3 жасқа толса болды, жұмысқа тұруын талап ете бастайды.

Тәртіптің күшейтілуі, талаптың қатайтылуы нәтиже берді. Еңбекшінің дерегінше, 2024 жылы АӘК 78,1 мың отбасындағы 413,7 мың адамға тағайындалған. Оларға бюджеттен 39,5 млрд теңге бағытталды. Биыл АӘК алушылар санаты тағы екі еседей кеміді. Министрліктің мәліметінше, 2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 40 мың отбасындағы 214,3 мың адамға ғана атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Оларға биылғы бірінші тоқсанда 8,1 млрд теңге аударылды. Әр отбасына орта есеппен 202,5 мың теңгеден келді.

## ФОТО — ЕРІККЕННІҢ ЕРМЕГІ ЕМЕС

Биыл АӘК жүйесі реформалану үстінде. Уәкелілік комиссиялардың АӘК алудан үміткердің әл-ауқатын тексеру мерзімі 3-тен 7 күнге ұзартылды, комиссия құрамы

жағдайы туралы тексеру актісі жасалады және аталған отбасының АӘК-ке мұқтаж-дығы немесе мұқтаж еместігі туралы қорытынды дайындалады», — деп хабарлады Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Материалдық жағдайды тексеру және фотоға түсіру өтініш берушінің көзіне, ол болмаған жағдайда — отбасының көмекте болған, әрекетке қабілетті мүшелерінің біреуінің қатысуымен жүзеге асырылады. АӘК-тен үміткер (ол үйінде болмаса, көмекте болған баласы) өз отбасының әл-ауқатын, дүние-мүлкін фототіркетуден бас тартса, хаттама толтырылады. Бұл жайт отбасының материалдық жағдайы туралы актіге тіркеледі және АӘК тағайындаудан бас тартуға негіз болуы мүмкін.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Анафиннің айтуынша, биылғы 2025 жылы материалдық жағдайды зерттеу негізінде отбасылардың АӘК-ке мұқтаждығы туралы қорытынды шығаратын уәкелілік комиссиялардың қызметі цифрландырылып жатыр.

— Бұл комиссиялар үшін FSM Social атты мобильді қосымша жасалды. Оның көмегімен біз АӘК-ке кандидаттың геолокациясын, тұрғылықты жерін анықтаймыз. Шешім де жедел қабылданады, қорытынды шығару рәсімін оңайлатады. Зерттеу жүргізу және шешім шығару кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға септеседі, өйткені барлығын қосымшаға түсірілген фотодан көруге болады, ол фото

**Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің түсіндіруінше, атаулы әлеуметтік көмек жүйесін түбегейлі реформалайтын кез жетті. Себебі оны ерінбегеннің, ебін тапқанның бәрі алатынды шығарды. Мысалы, 2019 жылы АӘК 2,5 миллион адамға және 485 мың отбасына тағайындалыпты. Осы ақшалай жәрдемді алу үшін көзбояушылықпен ажырасатындар көбейген.**

5-тен 7 мүшеге дейін артты. Кандидат отбасының көмекке мұқтажлығын анықтайтын арнайы өлшемшарттар әзірленді.

— Былтырғы шілдеде бір топ адам топырлап келіп, есік қағып тұр. Ашсам: «Уәкелілік комиссиямыз, АӘК бойынша тексеруге келдік!», — дейді. Жай әңгімелесетін шығар деп ішке кіргізем, үй ішін, жана теледидарды, диванды, басқасын тырсылдатып, суретке түсіре бастады. Сөз екен өздері. Мен фотоға түсіруге рұқсат еткен жоқпын. Заң бойынша менің келісімсіз фото, бейнежазбаға тіркеуге құқығы жоқ. Бәрін дереу үйден қуып шықтым. Соған ашуланды ма, АӘК төлеуді тоқтатып тастады, — дейді Кузнецова есімді шағымданушы.

Енді үміткерлер дүние-мүлкін фотоға түсіру үшін келген комиссия мүшелерін тырқыратып қуып шыға алмайды. Бұл енді АӘК тағайындау үшін қажетті шарттардың бірі.

«Мемлекеттік қолдауға шын мәнінде мұқтаж азаматтарды анықтау мақсатында өтініш берушінің материалдық жағдайына зерттеу жүргізіледі. Оның барысында уәкелілік комиссия мүшелері арнайы мобильді қосымша арқылы фотофиксациялауды жүргізеді. Соның нәтижелері бойынша өтініш берушінің материалдық

редакцияланбайды», — деді вице-министр.

Мобильді қосымша пилоттық режимде былтыр Қонаев қаласында сыналды. 2025 жылғы қантардан FSM Social қосымшасын бүкіл ел бойынша енгізіп жатыр. Комиссиялар тек үй ішін емес, үміткердің өзге де мүлкін, мысалы, ауласын, бақшасын, саяжайын, жер учаскесін, қорасындағы малы мен құсын да тіркейді.

## МЕМЛЕКЕТ ШЫҒЫСЫ ШЕКТЕУЛІГЕ ЖАҚ

Жасыратыны жоқ, қараша үйде тұрып-ақ байша шалқып өмір сүруге, елдегі және әлемдегі қымбат курорттарда демалуға, жинағын өзге адамның атына ашылған салымда ұстауға, кейін оны «қарыз алдым» деп қайтаруға болады. Ізденсе, схемасы көп. Президенттің тапсырмасымен реформа аясында АӘК тағайындау үшін бұдан былай оған да жан-жақты зерттеу жүргізіліп, қомақты досье жиналады. Мысалы, үміткердің отбасы мүшелерінің әрқайсысының кірісі ғана емес, шығысы да тексеріледі.

Осы мақсатта Еңбекшінің «Премьер-Министрдің орынбасары — Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің

2023 жылғы 21 маусымдағы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және телеу қағидаларын бекіту туралы» №227 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» жана бұйрық жобасын әзірледі. Ведомство оны қабылдаудың алғашқы нәтижелері 2025 жылғы желтоқсанда күтілетін хабарлады.

«Құжат Мемлекет басшысының 2024 жылғы 7 ақпанда және 2025 жылғы 28 қантарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында берген, өтініш иелерінің жиынтық кірістері мен шығыстарын айқындау туралы тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Құжатқа сәйкес, АӘК алудан үміткер келіскен жағдайда шығыс операциялары, банктік шоттардағы, банктік қарыздардағы, микрокредиттегі, жинақ салымындағы, депозиттегі қаражаттар қозғалысы туралы мәліметтер алынады», — деп түсіндірді министрлік.

Мұндағы мақсат — жиынтық кірістер мен шығыстарын салыстыра отырып, АӘК-ке шын мәнінде мұқтаж азаматтарды айқындау. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованың мәліметінше, Президенттің тапсырмасын іске асыру үшін Еңбекшінің азаматтардың жиынтық кірістері мен шығыстарын айқындай отырып, АӘК көрсетудің бизнес-процесін трансформациялау тетігін әзірледі.

— Министрлік мүдделі органдармен бірлесіп қазақстандықтардың негізгі шығыстарын есепке алу және верификациялау тетігін пысықтап жатыр. Бұл нақты мұқтаж азаматтарды анықтауға және оларды мемлекеттің нысаналы қолдауына мүмкіндік береді. Мұнда азаматтың жылжымайтын мүлікті, машинасын сатып алуы, ақылы оқуға түсуі, ақылы қосымша білім қызметін тұтынуы, демалыс пен ойын-сауыққа, сауықтыруға, жиһаз, тұрмыстық техника заттарын сатып алуға шығындалуы, кредиттерді өтеуі және басқа негізгі шығыстары ескеріледі, — деді министр.

Шенеуніктердің тұжырымдауынша, тапқан-таянғаны күнделікті тірлігіне жетпейтін ыңыршағы шыққан кедей отбасылар мұндай шығыстарға бара алмас еді. Азаматтардың шығыстары туралы мәліметтерді алу үшін Өнеркәсіп және құрылыс, Цифрлық даму, Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Ғылым министрліктерінің, Ұлттық банктің және басқа жауапты, құзырлы органдардың апаратын жүйелерін интеграциялау қарастырылған.

Олжас Анафиннің айтуынша, Президенттің тапсырмасын орындау үшін Әлеуметтік кодекске түзетулер әзірленді. Ол бойынша АӘК тағайындау кезінде азаматтардың тұрғын үйді, жеңіл автокөлікті сатып алуы, ипотеканы қоспағанда, банктік қарыздар мен микрокредиттер рәсімдеуі, банктік шоттары бойынша отбасының әрбір мүшесіне айына кедейлік шегінен асатын шығыс операцияларының болуы және депозиті тексеріледі. Банктен үміткердің және оның отбасы мүшелерінің кірістері мен шығыстары туралы мәліметтер алу алгоритмі дайындалды.

Парламентке шағымданған Төлегенова есімді үш баланың жалғызбалалы анасының айтуынша, күтіміндегі ақсақал дүние салғаннан кейін өздері тұрып жатқан ескі үй мұрагерлікпен соған көшіпті. Комиссия мұны «жана баспана иелену» деп танып, көмектен айырған екен. Бұлай асыра сілтеуге жол бермеу үшін жүйе жетілгені, кемшілік жойылғаны жөн.

# ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

22 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Әлемдегі кез келген мемлекеттің тарихи жадысы, рухани болмысы сақталған бірден-бір мекен – кітапхана. Себебі жазу мәдениеті мен құжаттық дәлелдемелер тоғысқан өркениет ордасы кітап оқуға ғана емес, өз тамырыңды тануға арналған алаң сияқты. Сол үшін де кітапхана жүйесіне артылар жауапкершіліктің салмағы зор. Біз таяуда Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың басшылық қызметіне кіріскен Ғазиза Құдайбергенқызымен арнайы кездесіп, сала төңірегінде сұхбат құрған едік. Ол қазіргі замандағы кітапхана миссиясы, сирек қор мен қолжазбаларды қайта жаңғырту, цифрландыру процесі және т.б өзекті тақырыптар туралы пікірін айтты.

– Ғазиза Құдайбергенқызы, жаһанды озық технологиялар жаулаған заманда кітапхана саласы дәстүрлі оқырманға қызмет көрсету тұрғысынан қандай өзгерістерді бастан кешті? Ұлттық мұраның ұйытқысы саналған руханият ордасында заманауи оқырманның сұранысына сай жаңашылдықтар енгізілді ме?

– Ең алдымен, дәстүрлі және модернизацияланған кітапхана, ақпараттық жүйе мен автоматтандырылған жұмыс түрлері қатар жүруге тиіс. Мен осыдан бірнеше жыл бұрын кітапхананың барлық жұмысы автоматтандырылуы қажет деген пікірде болғанмын. Ал қазір керісінше, кітапхана жұмысы автоматтандырылуы қажет, алайда оқырманға дәстүрлі қызмет көрсету үрдісі сол қалпында қалуға тиіс деп ойлаймын. Иә, күллі әлемге жасанды интеллект күші дендеп еніп, қолымыздағы гаджет адамның күнделікті өміріне сіңісіп келеді. Дегенмен жер беті адамзаттың өмір сүруіне арналған соң, тірі адамның эмоциясы мен сезімін электронды құрылғылармен алмастыруға мүмкіндік бермеу қажет. Кітапхананың электронды базасы, кез келген құжаттың электронды нұсқасы, жеткізу қызметі, оқырманның сұранысына жылдам жауап беру сынды процестер автоматтандырылып, IT технологиясының мүмкіндіктері барынша пайдаға асырылуы маңызды. Таяуда Үкіметтің тапсырмасымен Астана қаласында Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қазақстан кітапханаларының электронды базасын біріктіру жобасы басталған еді. Қазір біз осы жоба аясында Ұлттық академиялық кітапхана мен Ұлттық кітапхана бірлесе жұмыс істеп отырмыз. Бұл жоба қандай да бір кітап еліміздің қай кітапханасында бар және қанша дана сақталғаны туралы барлық ақпаратты береді. Уақыт өте келе кез келген ақпараттық жүйе дамиды, сондай-ақ түрлі модульдер іске қосылады. Біз сәуір айының соңына дейін онлайн тіркелуді іске қосамыз. Өйткені қазіргі уақытта оқырманға дәстүрлі қызмет көрсету сақталғанымен, адамдарда уақыт ресурсы шектеулі. Процесс тез орындалуы қажет. Сондықтан біз оқырмандар кітапханаға келмей-ақ, онлайн тіркеліп, қажет деп тапса, оқырман билетін алып немесе QR-код арқылы кіре алатындай жүйе енгізбекпіз. Кез келген оқырман кітапханадан өзіне керекін табуға тиіс. Басты қор сақтаушы мекеме ретінде қорды сақтаймын деп оны қоғамға пайдалануға бермей, тарихты сөйлетпей тығып қояуға болмайды. Қор ашылып, оның ішінде жатқан ақпаратты оқырман білуге тиіс. Осы орайда қормен жұмыс істеу бойынша контент-жоспарымызда да, ақпараттық жүйеде де біршама алға қойған жоспарымыз бар. Тасқа түскен кез келген дүние тарихқа, қоғамға қызмет етуі қажет.

– «Библиоколлектор» онлайн жүйесі кітапхана жүйесін реттеуге, қордағы кітаптарды цифрландыру процесіне қалай әсер етеді?

– Қазір автоматтық, технологиялық тұрғыдан бөлімдер қарастырылып жатыр. Солардың бірі – «Библиоколлектор» онлайн жүйесі. Бұл жүйе әлем елдерінде және Қазақстанда басылып шыққан кітаптардың онлайн базасын жасауға, өңірдегі барлық кітапхана қорын толықтыруға, сондай-ақ кітапхана сөресіне түсетін кітаптарды реттеуге көмектеседі.

Бүгінде Қазақстанда 3 800-ден астам көпшілік арналған қолжетімді кітапхана бар. Біз енді олардың қорын қалай түземіз? Кітапханада қандай кітап тұруы қажет? Сөздерге жайғасқан кітаптың барлығы шын мәнінде оқырман қажетіне жарай ма? Осы ретте алда кітапхана базасында «Библиоколлектор» онлайн жүйесін құру туралы жоспарымыз бар.

**КІТАПХАНАҒА КЕЛУШІЛЕРДІҢ БАСЫМ БӨЛІП – ЖАСТАР**

– Мамандар арасында «дәстүрлі кітапхана моделін түбегейлі өзгерту қажет» деген пікірлер кездеседі. Айтыңызшы, XXI ғасырдың кітапхана жүйесі модернизация аясында қандай

**Ғазиза ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ,**  
Ұлттық кітапхана директоры:

## ТАСҚА ТҮСКЕН ДҮНИЕ ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ҚАЖЕТ

қадамдарға баруға тиіс? Бұл сіздердің тәжірибелеріңізде қалай жүзеге асырылып жатыр?

– Модернизация кітапхананың өзіне, яғни ғимаратқа, ішінде орналасқан құрылғыларға жасалуы қажет деп ойлаймын. Одан кейін ғана бұл процесс жұмысына жанама көзқараспен қарайтын мамандар арасында іске асырылуға тиіс.

Кітапхана қазіргі уақытта қоғамдық даму институтының рөлін атқарып отыр. Мұнда кімдер, қандай өкілдер келмейді?! Кейінгі 5-7 жылда кітапханаға жастардың көзқарасын қарайтын мамандар арасында іске асырылуға тиіс. Біріншіден, олар білімнің еркіндік және тәуелсіз екендігіне көзі жетті. Екіншіден, жастар кітапханаға «электрон өмірден» тыныштық іздеп келеді, өркениет ордасынан өзін табады. Сондықтан модернизация дегеніміз – оқырманның кітапханаға

уақытта ұлттық қорды сақтап отырған кітапхана ретінде бірқатар ғылыми жобалармен айналысып келеміз. Бұл қорды одан әрі ашуға, зерттеуге, сондай-ақ ғылыми жұмыспен айналысатын жас мамандарға үлкен көмек деп білемін. Оқырман денгейі сияқты адамның маман ретінде өсу деңгейі де болады. Мәселен, мен осыдан он жыл бұрын кітапханаға қалай оқырман тартатын, көпшілікке арналған қандай ғылыми жобалар енгізем деп ойландым. Бүгінде ғылыми жұмыстарды кітапхана арқылы көпшілікке жеткізу мақсатында зерттеу институттарымен жұмысты бастап кеттік. Онымен қоса, алдағы уақытта жас әдебиеттанушылармен екі бірдей жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Соның бірі – оқырманға кітапты терапия ретінде ұсыну.



таврацияға арналған жаңа технология алға жылжып келеді, сондықтан өндірісте қажетті заманауи құрылғылар да түгел болуға тиіс. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға нағыз қажет құжаттар сол қолжазбаларда, сирек кітаптар қорында жатыр. Мен сирек кітаптар қорына кірсем, адам ретінде де, маман ретінде де бөлек әлемде жүргендей басқаша күй кешемін. Бұл жерде өнер мен мәдениетіміздің, мемлекетіміздің тамыры бар екенін сезініп, ерекше әсер аламын. Сондықтан қолжазбалар мен сирек кітаптар қоры зерттеліп қана қоймай, оның физикалық күйі де дұрыс сақталуы қажет. Біз консервация және реставрация, қолжазбалармен жұмыс істеу процесі бойынша мамандарымыз өз тәжірибесін жетілдірсе екен дейміз. Осыған байланысты сәуір айының соңында қызметкерлеріміз Ирандағы Реставрация және консервация орталығымен бірлесе жұмыс істейді. Одан өзге Қазақстан бойынша реставраторлар мен консерваторлардың басын қосып, біліктілікті арттыру семинарларын өткізсек деп жоспарлап отырмыз. Қандай нәрсені болмасын тамыры болады, егер тамыр шіріп кетсе, бетіндегі

саласы технологиялық тұрғыда қарқынды дамып келеді. Десек те, мұндай әдістер тарихи жәдігерлердің тұнұсқалығын бұрмалауы мүмкін бе?


– Иә, тарихи жазбалардың тұнұсқалығына әсер етеді. Сондықтан біз іске байырғы шағатай, төте жазуындағы мамандарды тартып жатырмыз. Себебі жасанды интеллект негізінен үстіртін ғана ақпарат беруі мүмкін. Аты «жасанды» деп айтып тұрғанындай, біз оны процесі автоматтандыруға пайдалануымыз қажет. Бірақ адамның миымен салыстыруға мүлдем келмейді.

**КІТАПХАНАНЫ ІС-ШАРА ӨТКІЗЕТІН ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛДЫРМАУЫМЫЗ КЕРЕК**

– Әлемде материалдық құндылықтар рухани құндылықтармен алмастырыла бастамақ болып жатыр. Бұл тұста кітапхана жүйесі қоғамдағы рухани дағдарысты еңсеруге қарсы тұра ала ма?

– Кітапхананы мерейтойлар мен түрлі іс-шараларды өткізетін орталыққа айналдыруға тиіс және келушілер мұны сондай бір бағыт-

**«Кейінгі 5-7 жылда кітапханаға жастардың келуі көбейді деп нақты айта аламын. Кітапханаға келушілердің 60-70 пайызы – жастар.»**



кіріп-шығуы, жай ғана жарықтың кітап оқуға, жазу-сызуға ыңғайлы болуы, транспорттың қатынауы, көлік тұрақтайтын орынның болуы. Теніздің ортасына бір ғимарат соғып қойып, өзгелерге «ал барындар» деуге болмайды. Ең алдымен, материалдық жағдай барлық келушіге ыңғайлы болуы қажет. Егер соның өзінде кітапханаға оқырман келмесе, бұл – екінші сұрақ. Иә, дәл қазіргі кезеңде қорды цифрландырып жөн, себебі құжаттардың сақталуы маңызды. Бұл тек қалалық кітапханаларға ғана емес, барлық өңірлерге қажет дер едім. Нәтижесінде орталығы немесе мегаполистердегі кітапханалар ғана дамуға тиіс? Сонда ауыл-аймақтағы оқырман мұндай заманауи орталықтарға лайық емес пе? Былтыр Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2025-2027 жылы Қазақстан кітапханаларын модернизациялау туралы жол картасына қол қойылды. Қазір аталған жоба аясында еліміздегі бүкіл өңірде орналасқан аудандық, ауылдық кітапханалар модернизациядан өтіп жатыр.

Бүгінгі таңдағы бір өзекті мәселесі – кітапхана саласында демеуші табу өте қиын. Өңірлерде жүзеге асырылып жатқан модернизацияға әр аймақтан демеушілер қол ұшын созса, осыдан кейін ғана жастарға «неге кітап оқымайсың?» деп сұрақ қойсақ болады.

– Қазіргі уақытта кітапхананың ғылыми зерттеулер мен жобаларға қолдау көрсетуі оның дәстүрлі рөлінен несімен ерекшеленеді?

– Ғылыми зерттеу жобаларымен айналысу – Ұлттық кітапханалардың жұмыс процесіне тән құбылыс. Кітапхана – бір күнде әртүрлі респондент келетін орын. Демек, мұнда зерттеушілерге түрлі әлеуметтік зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бар деген сөз. Біз қазіргі



Алайда терапия физикалық диагнозға негізделмеген. Бірде жастармен өңімелесіп отырған уақытта жас маман Еуропада науқас дәрігердің қабылдауына барған кезде терапевт кез келген диагноздың қасына кітап жазып беретінін айтты. Біз осы тәжірибені енгізудің нәтижесінде оқырманға кейіпкерлер арқылы әсер еткіміз келеді. Өйткені кітапхана – әдебиет пен мәдениеттің ордасы болып қана қоймай, әлеуметтік даму институты ретінде қоғамға барлық қырынан әсер етуі қажет.

– Көне кітаптарды қалпына келтіру барысында олардың тарихи тұнұсқалығын сақтау мен жаңа технологияларды қолдану арасында қандай тепе-теңдік болуы қажет? Егер тұнұсқаның кейбір бөліктері толығымен қалпына келтіру мүмкін болмаса, оларды қайта жаңғырту этикалық тұрғыдан қаншалықты дұрыс?

– Ең алдымен, сирек қордың физикалық тұрғыда сақталуын реттеу керек. Қазіргі кезеңде рес-

тағы орталық деп түсінбеуі қажет. Иә, әдебиетті, кітапты насихаттау – кітапхананың басты приоритеттерінің бірі. Алайда кітапханада атап өтелетін жиындардың өзіндік деңгейі, оқырманға берер пайдалы болуы маңызды. Бұл құбылыс кітапхананың рөлін өз бағытынан шығарып жібереді. Айлап-аптап тап атқаннан кеш батқанға дейін іс-шаралар өткізілсе, келген оқырманмен кім жұмыс істейді? Кітапхананы оқырманның қызығушылығына сәйкес бағыт-бағдар беріп, оларға қызмет көрсете білуі қажет. Меніңше, кітапхана – адамдарға жақсылық жасап, мейірімін төгу үшін құрылған мекеме сияқты. Ол бізге дәл қазіргі уақытта аса қажет, тіптен жұрт қазір үйден



дүниені жасанды жолмен қайта қалпына келтіруге болады. Алайда ол рухани тұрғыда жаңа әсер етпейді. Сол үшін біз сирек қор мен қолжазбаларды сақтау ісіне бағыт алуымыз қажет.

– Өндіріске жасанды интеллекттің енуімен бірге реставрация

жоғалтып алған дүниесін кітапханадан іздеп келеді.

– Қоғамда жастар мен аға буының арасында «ақпараттық алшақтық» байқалатыны жасырын емес. Бүгінгі нарықта ұсынылып отырған кітаптар бұл ұрпақаралық диалогты жақындата ала ма?

– Шындап келгенде, буындардың бір-бірінен алшақ көзқарасы, бұл әсіресе, әдебиетте бірін-бірі қабылдамауы. Сөз ұстанғандардың бәрі руханиятқа жауапты. Бұл – миссия. Қаламгер ең алдымен оқырманның қызығушылығы мен талғамын зерттеп алуы қажет. Мен әдеби сыншы емеспін, бірақ жазуға қақпылымын. Оқырманмен бағыттап, оны жақсыға тәрбиелеушімін. Сондықтан қоғамдық ойымды, сын-пікірімді айтуға құқылымын деп ойлаймын. Осы тұрғыда біз үшін көзқарастарымызды өзгертіп, күш біріктіру маңызды.

Айналандыру құбылыстарға адам тұрғыда қарау дегеніміз – өзіңнің жеке пікіріңді танбау. Иә, көркем әдебиет, ауыз әдебиеті пен фольклор оқылуы қажет. Дегенмен біз кейде оқырманның деңгейі мен көзқарасын ұмытып кетіп жатамыз. Жақында Астаналық жас актер театрда қызмет ететінін айтып хабарласып, менен француз жазушысы Бернар Вербердің кітабын тауып беруімді өтінді. Білесіз бе, кейіннен сол кітапты өзім оқығым келіп кетті. Өйткені кітаптың табылуы қиын еді. Кітапты басқа қаладан алдырып, ақыры оқырманның сұрағанын тауып бердім. Ойлаңызшы, театрдағы жас маман Бернар Вербердің шығармасын оқиды. Осындай кітаптарды оқығаннан кейін елімізде әлем әдебиеті өзіңнен насихаттала береді.

– Цифрлық контентке сұраныс артқан сайын келешекте дәстүрлі кітап қорының құндылығы жоғалтып аламыз ба? Кітапхана саласы үшін баспа өнімдері мен электронды материалдар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қаншалықты маңызды?

– Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда: «Біз ең алдымен жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқытын ұлтқа айналдырамыз. Кітапхана ісін дамытуға бейжай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы қажет», – деп айтқан еді. Қазір қаланың өзінде 30-ға жуық кітапхана болса, осыныша кітапхананың ішінен кейбір кітаптардың 30 данасы ғана табылуы мүмкін. Осыдан кейін электронды нұсқасы бар кітаптарды таңдауға тура келеді. Сондықтан бұл мәселеге келген кезде авторлар немесе құқық иеленушілер тарапынан міндетті түрде кітапханаларға кітаптың цифрландырылған электронды нұсқасын жариялауға рұқсат берілуі қажет. Былтыр біз АІГ Астана компаниясына «Мәдени мұра» аясында жарық көрген 25-ке жуық контенттімізді табыстыдық. Болашақта ағылшын тіліне аударылған қазақ әдебиетін жүктесек деген жоспарымыз бар.

– «Ақпараттық хаос» орын алған жағдайда дәуірдегі кітапхана қоғамға бағыт-бағдар беретін рухани шамшырақ бола ала ма? Сөз сайын жанарған толассыз ақпарат ағыны адамдардың ойлау жүйесі мен білім сапасына қалай әсер етеді деп ойлайсыз?

– Қазіргі жастар өте сауатты және сабырлы. Жас та болса мамандар мен кітапханаға келетін оқырмандардың ұстанымы, ортада өзін-өзі ұстауы, қоғамдағы мәдениеті бөлек. Олар «мен» деген пікір айтпайды, әлемге адами тұрғыда қарайды. Осы тұста мен үшін жастармен бірлесе жұмыс істеу, олармен түсінісу жеңілдік. Бұл басқа буынды шетке ысырып тастау деген сөз емес, меніңше, мұндай қасиеттер жасына емес, кейде адамына байланысты сияқты. 2023 жылы IFLA Дүниежүзілік кітапхана және ақпарат конгресіне қатысып келдім. Біз мұнда бірнеше өкілдермен кездестік, халықаралық жиындарға қатыстық. Кездесуден кейін түйенім, Қазақстан кітапханалары барлық қырынан дамыған елдермен қатар тұра алады. Біз он жыл бұрын жүзеге асырған жобаларды кейбір мемлекеттер процесіне енді ғана енгізіп жатқанын көрдік. Түптеп келгенде, біз кітапхана саласында өзімізді материалдық қажеттілік пен жаңа технологияларды енгізу тұрғысынан дамытуымыз қажет. Келешекте көшбасшылардың қатарынан көріне аламыз. Халықаралық кітапхана саласының дамуына өз үлесін қосуға біздің мамандарымыз да мүдделі екеніне көзім жетті.

– Кітап – өткеннің үні. Егер кітапхана уақыт машинасы болса, қай ғасырдың кітапхана әлеміне сапар шегер едіңіз?

– Дәл қазір жазу қашан пайда болғаны туралы кітапты оқып, зерттеп келе жатырмын. Кітапта жазу өнері ең алғаш Оңтүстік Африканың үңгірінде табылғаны жайлы айтылады. Дегенмен XVII-XVIII ғасырдың кітапханасына сапар шеккім келер еді. Себебі сол кезеңнің сирек қоры, жазу-сызуы, сөзі мен мәдениеті, киім киісі ғасырмен үйлесім тапқандай көрінеді...

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

22 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ



# ҒЫЛЫМ МЕН МЕМЛЕКЕТ МҮДДЕСІНЕ АРНАЛҒАН 60 ЖЫЛ

Еліміздегі ғылым саласында есімі құрметпен аталатын, ерекше еңбек жолымен дараланған тұлғалардың бірі – химия ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, Қазақстанның Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Сармурзина Раушан Гайсиевнаның ғылыми-өндірістік қызметіне 60 жыл толып отыр. Бұл – бір адамның өміріне ғана емес, тұтас бір дәуірге, еліміздің ғылыми және өндірістік дамуына арналған ұшан-теңіз еңбектің белесі.

Қазақстан-Британ техникалық университетінің қабырғасында химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, Қазақстанның Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Сармурзина Раушан Гайсиевнаның 60 жылдық ғылыми-өндірістік қызметіне арналған «Мұнай химиясы мен сутек энергетикасындағы перспективалық технологиялар» атты ғылыми семинар өтеді. Іс-шара мұнай химиясы, экологиялық таза технологиялар және сутек энергетикасы салаларындағы өзекті бағыттарды талқылауға арналған маңызды алаңға айналады. Оған жетекші ғалымдар, сала өкілдері мен жоғары оқу орындарының мамандары қатысады.

Раушан Сармурзинаның кәсіби жолы Қазақстан ғылымының қалыптасуы мен даму кезеңімен тығыз байланысты. Ол 1969 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін тәмамдаған соң, өзінің алғашқы ғылыми ізденістерін сирек элементтер мен аналитикалық химия саласында бастаған болатын. Әлі күнге дейін ұмытылмас оқиғалардың бірі – студенттік жылдары оның шығармашылыққа да ден қойып, «Қазақфильм» киностудиясының «Жоғалған дос» және «Қырғызфильмін» Шыңғыс Айтматовтың шығармасы негізінде түсірілген «Ана – Жер – Ана» көркем фильмдерінде басты рөлдерде ойнағаны. Бұл дерек оның жан-жақтылығын, ғылыммен ғана емес, өмірмен де үндес тіршілік кешкен тұлға екенін көрсетеді.

Ғалымның ғылыми жолындағы ірі белес – 1988 жылы Мәскеудегі атакты Д.И. Менделеев атындағы Химия-технологиялық институтында докторлық диссертация қорғауы болды. Бұл жетістік Раушан Гайсиевнаның Қазақстандағы аналитикалық және мұнай-химия ғылымының көшбасшысына айналуына негіз қалады. Оның ғылыми қызметі тек теориямен шектеліп қалмай, әрқашан өндірістік мәселелермен тікелей байланысты өрбиді. Бұл қасиет оны елдегі ғылыми-технологиялық саясат пен инновациялық жобалардың негізгі қозғаушы күшіне айналдырды.

1986 жылы Чернобыль апаты кезінде Припять өзенінің суын тазарту мақсатында жүргізілген шұғыл жұмыстарға қатысуы – ғалымның кәсіби батылдығы мен қоғамдық жауапкершілігінің айқын көрінісі. Ол кезде

Раушан Сармурзина өзі жетекшілік ететін лабораториямен бірге өңделген энергия жинақтаушы заттектерді қолданып, апат аймағындағы экологиялық қалпына келтіру шараларына нақты үлес қосты. Бұл оның ғылымдағы ізденістері нақты нәтижелерге бағытталғанын тағы бір дәлелдейді. Бұл жұмыстар академик Сокольскийдің жетекшілігімен, ҚазКСРҒА органикалық катализ және электрохимия институтында жүзеге асырылды. Зерттеулер нәтижесінде әзірленген қосылыстар Мәскеу мен Харьков қалаларында «Волга» автокөліктерінің қозғалтқыштарында сыналды.

Раушан Гайсиевна бұл кезең туралы өз естеліктерінде былай деп толғанды:

«Энергия жинақтаушы заттектерді әзірлеу мен зерттеу – менің ғылыми қызметімдегі ең маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл мақсатта ҚазКСРҒА академигі Д.В. Сокольскийдің және менің жетекшілігімен ҚазКСРҒА Органикалық катализ және электрохимия институтында арнайы зертхана құрылды. Біз әріптестерімізбен бірге іштен жанатын қозғалтқыштарда пайдалануға болатын бірегей құрамдарды әзірледік. Осы еңбектеріміз үшін ВДНХ-ның 3 алтын, 2 күміс және 1 қола медалімен марапатталдым. Докторлық диссертациямды еттім қорғадым, ал негізгі өндірістік серіктес – Мәскеудегі Курчатова атындағы Атом энергетикасы институты болды. Ол кезеңде біздің ЭЖЗ Мәскеу мен Харьковтегі АН УССР Машина жасау мәселелері институтында «Волга» автокөліктерінің қозғалтқыштарында сыналды. Әсіресе, суға түскенде көп мөлшерде сутекті бөлетін қосылыстар болашағы зор шешім ретінде танылды. Бұл тақырыпқа, соның ішінде Қазақстанда да, қайта қызығушылықтың оралуы мені ерекше қуантады. Ол кезеңде біздің құрылғылар Мәскеу мен Харьковтегі сынақтарда «Волга» автокөліктерінің қозғалтқыштарында қолданылды. Әсіресе, суға түскенде көп мөлшерде сутекті бөлетін қосылыстар болашағы зор шешім ретінде танылды. Бүгінде бұл тақырыптың қайта өзектен бастауы – соның ішінде Қазақстан үшін де – мені ерекше қуантады».

1990-жылдары, саяси және экономикалық реформалар кезеңінде, Раушан Гайсиевна Мемэкономкомитетке (бұрынғы Мемжоспар) мемлекеттік қызметке шақырылып,

Өнеркәсіптік саясаттың Бас басқармасын басқарды. ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінде ол түрлі салаларды реформалау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге тікелей қатысты, соның ішінде мұнай-химия өндірісін жаңғырту және импорты алмастыру стратегиясы да бар. Оның басшылығымен әзірленген бағдарламалар нарықтық жүйеге көшу кезеңінде ел экономикасының тірегіне айналды.

Ғалым ретінде де, стратег ретінде де ол жана технологияларды өндіріске енгізу, ғылыми-зерттеу мен өндірістік процестерді ұштастыру бағытында табанды еңбек етті. 2000 жылдардан бастап ол «ҚазМұнайГаз»



**1986 жылы Чернобыль апаты кезінде Припять өзенінің суын тазарту мақсатында жүргізілген шұғыл жұмыстарға қатысуы – ғалымның кәсіби батылдығы мен қоғамдық жауапкершілігінің айқын көрінісі. Ол кезде Раушан Сармурзина өзі жетекшілік ететін лабораториямен бірге өңделген энергия жинақтаушы заттектерді қолданып, апат аймағындағы экологиялық қалпына келтіру шараларына нақты үлес қосты.**

ұлттық компаниясында, одан кейін Kazakhstan Petrochemical Industries Inc және KAZENERGY қауымдастығында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Осы кезеңде ол отандық мұнай-газ секторындағы ғылыми-техникалық бағдарламалар мен кадрлық әлеуетті дамыту бағытындағы іргелі жобалардың басы-қасында жүрді.

Қазақстан-Британ техникалық университеті Раушан Гайсиевнаның ҚБТУ-дың құрметті профессоры екенін мақтанышымен атап өтеді. Біз оның еліміздің мұнай-газ химия саласын дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалаймыз. Оның ғылыми зерттеулері мен белсенді қоғамдық қызметі мұнай-химия саласындағы заманауи күн тәртібін қалыптастырып, білікті мамандар даярлауға ықпал етуде. Әсіресе, техникалық және экономикалық білімді білім беру үдерісіне

біріктіру тәсілі ерекше маңызға ие. Бұл әдіс химиялық және экономикалық тұрғыдан үдерістерді бағалай алатын кадрларды даярлауға мүмкіндік береді. Қазақстанның жетекші техникалық жоғары оқу орны ретінде ҚБТУ үшін осындай көрнекті сарапшылармен ынтымақтастық – стратегиялық маңызды бағыт.

Ғалым білім ордаларының өндіріс саласындағы рөлінің аса маңызды екенін ерекше атап өтті:

«Қазіргі кезеңде химиямен байланысты әрбір университет пен институтта мұнай химиясы кафедрасын ашу аса маңызды. Бұл мамандарды алғашқы курстан бастап тек химиялық процестерді ғана емес, олардың экономикалық және қаржылық аспектілерін де меңгеруге үйретеді. Кенес дәуірінде бізге экономикалық тиімділікті талдауды үйреткен жоқ, бірақ бүгінгі өмір бұл білімнің маңыздылығын көрсетіп отыр. Әсіресе Атыраудағы Мұнай-газ химиясы институтының жұмысын атап өткен жөн. Ректор Гүлзада Шаулиқованың бастамасымен жана білім беру бағдарламалары іске қосылып, мектептерде зертханалар ашылды. Сонымен қатар, ҚБТУ, Satbayev University сияқты жетекші жоғары оқу орындарының еңбегін де атап өткен жөн. Отын, катализ және электрохимия институтында газды жағу кезінде қалдықтарды нөлге дейін төмендететін нейтрализатор өндіруге арналған бірегей патент алынды. Бұл жобалар «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы»

мен бірге жүзеге асырылуда және мұнай-химия саласын орнықты дамыту жолында маңызды қадам болып табылады».

Раушан Сармурзина – нағыз ғалым-инноватор. Оның жетекшілігімен әзірленген ғылыми-техникалық бағдарламалар қатарына мұнай кен орындарындағы парафинді, шламды, тұзды шөгінділерді газарту технологиялары, энергия жинақтаушы және гидро жинақтаушы заттектер негізінде қабатқа әсер ету әдістері жатады. Бұл ғылыми жобалар бүгінгі таңда өндіріске енгізіліп, отандық мұнай өңдеу саласының тиімділігін арттыруда нақты нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Бүгінгі күні оның ғылыми қоржынында 360-тан астам еңбек бар, оның ішінде рейтингтік журналдардағы ондаған жарияланым, 70-тен астам авторлық куәлік

пен халықаралық патенттер бар. Тек соңғы 5 жыл ішінде 60-тан астам ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде Journal Citation Reports-тың 1–3 квартал журналдарында 13 мақала, РИНЦ және басқа да халықаралық дерекқорларда 5 мақала, ҚР БҒМ ҚКСОН ұсынған басылымдарда 15 мақала және халықаралық форумдарда жоғары бағаланған шамамен 30 жұмыс бар.

Раушан Гайсиевна Қазақстанның мұнай-газ химиясы саласындағы артықшылықтары туралы өз көзқарасын білдірді:

«Қазақстанда мұнай-газ химиясын дамытуға арналған бай шикізат қоры бар. Әсіресе «майлы газ» деп аталатын газ құрамында этан мөлшері 14-тен 18%-ға дейін жетеді – бұл мәліметтерді Теңізшевройл растап, Энергетика министрлігіне ұсынған. Мұндай көрсеткіштер Қазақстанды халықаралық инвесторлар үшін тартымды етеді. Мемлекеттің міндеті – шикізатты жеткізу бойынша келісімшарттарға қолайлы жағдай жасау. Қазірдің өзінде Lummus, KBR, Linde, McDermott, Technip, Chevron Phillips, Univation, Sinopec, ПАО «Сибур Холдинг», ПАО «Татнефть» сияқты әлемдік көшбасшылар осы жобаларға қатысып отыр. Алайда бұл бастамаларды тиімді жүзеге асыру үшін заманауи инфрақұрылым қажет».

Ғалымның адал еңбегі қоғам тарапынан да жоғары бағаланды. Ол «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен, KAZENERGY медалімен, Тауелсіздіктің 25 және 30 жылдық мерекелік медальдарымен, сондай-ақ «Мұнай-газ-химия саласының еңбек ардагері» төсбелгісімен, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталған. Сонымен қатар, ол – ВДНХ алтын, күміс және қола медальдарының иегері. Халықаралық деңгейде де мойындалып, «Факел Бирмингем», «Золотой Орденетей», Refining Leaders Awards, GLOBUS сияқты белді марапаттарға ие болды. 2024 жылы Satbayev University оған «Production Professor» атағын, ал 2025 жылы «Құрметті профессор» атағын берді.

Раушан Сармурзинаның ғылыми және қоғамдық қызметі – ғылым мен өндіріске қызмет етудің, адалдық пен табандылықтың шынайы үлгісі. Ол бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында сарапшы ретінде, кеңесші ретінде белсенді қызметін жалғастырып келеді. Жастарға тәлім беріп, болашақ ғалымдардың жолын ашуға барынша үлес қосуда.

60 жылдық қажырлы еңбек – бұл ғылымға адал берілгендіктің, ұлттық мүддеге қызмет етудің жарқын көрінісі. Раушан Сармурзина – Қазақстан ғылымының тірегі, ал оның өмір жолы – келешек ұрпақ үшін өнеге мен бағдар. Қазақстан-Британ техникалық университеті Сармурзина Раушан Гайсиевнаны ғылыми-өндірістік қызметінің 60 жылдығымен құттықтай отырып, отандық ғылымды дамытуға және жоғары білікті мамандарды даярлауға қосқан зор үлесі үшін шынайы алғысын білдіреді. Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр және жаңа жетістіктерге жетелейтін сарқылмас энергия тілейміз.

## ЗИЯТКЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Еліміз жаңа цифрлық құрылғыға аяқ басты. Дәлірек айтсақ, PARAM BILIM-2 атты суперкомпьютері іске қосылды. Бұл суперкомпьютер – өте жылдам, қуаты жоғары құрылғы. Салыстырмалы түрде бір зерттеуді қарапайым компьютер 1 ай есептесе, суперкомпьютер оны бірнеше минутта не секундта орындайды. Бір ғажабы, секундына мыңдаған, тіпті миллиардтаған есептеулер жасай алады. Жобаны Л. Гумилев атындағы ЕҰУ мен «Қазақтелеком» компаниясы бірлесіп жүзеге асырды.

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ СЕРПІЛІС

Маңызды іс-шараға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Шеглова, Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ басқарма төрағасы Мәлік Жүйріктаев, Ақкөл ауданының

өкімі Біржан Әбілрахманов, «Қазақтелеком» АҚ өкілдері мен университет ғалымдары қатысты.

Жанартылған суперкомпьютер ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Мемлекет басшысының ұлттық жоғары тиімді есептеуші инфрақұрылымын дамыту қажеттігі туралы тапсырмасын жүзеге асыру аясында іске қосылды. Л. Гумилев атындағы

ЕҰУ PARAM BILIM-2 суперкомпьютерінің мүмкіндіктері Деректерді өңдеу қоры орталығы орналасқан «Қазақтелеком» АҚ-мен бірлескен қолданбалы жобаларда пайдаланылады деп жоспарлануда.

Іске қосу салтанатында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Шеглова:

«Қазақстан ғарыштық технологиялармен жұмыс істейтін санаулы елдердің қатарына кіреді. Біз мұнымен мақтануымыз керек. Елімізде 3 суперкомпьютер бар. Олар Еуразия ұлттық университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі суперкомпьютерді Қытай үкіметімен ынтымақтастықта іске қосқанбыз.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Еуразия ұлттық университеті және суперкомпьютерді сыйға тартқан Үндістан үкіметінің бірлескен күш-жігері арқасында қысқа уақыт ішінде суперкомпьютердің есептеу қуаты айтарлықтай кеңейтілді. Енді оған жасанды интеллект, тілдік модельдер, үлкен деректер, заттар интернеті, кванттық технологиялар, суперкомпьютерлік есептеулердегі кванттан кейінгі криптография саласындағы шешімдерді әзірлеуге мұқтаж барлық зерттеушілердің қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет», – деп атап өтті.

### ӨНІМДІЛІГІ КҮШТІ КЕШЕН

PARAM BILIM-2 суперкомпьютері – 1 петафлопсқа дейінгі ең жоғары өнімділігі бар заманауи есептеу кешені. Яғни, петафлопс дегеніміз – бірнеше дәрежедегі технологияның есептеу күші. Әлемнің озық әрі мықты университеттерінде жүйелер 5-6 петафлопстық

дәрежеде жұмыс істейтінін айта кеткен жөн. Еліміздегі бұл компьютерінде Үндістанның C-DAC орталығы әзірлеген High Performance Computing (HPC) бағдарламалық платформалары бар.

PARAM BILIM-2 қазірдің өзінде жасанды интеллект, тілдік модельдер, үлкен деректер, заттар интернеті, кванттық технологиялар және посткванттық криптографияны қоса алғанда, 30-дан астам ғылыми бағыттар бойынша модельдеу және аналитикалық есептеулер үшін қолданылады. Сондай-ақ халықаралық әзірлеушілермен суперкомпьютердің функционалдығын кеңейту туралы келіссөздер жүргізілуде.

Бұған дейін университетте Param Bilim 1 моделі 15 жылдан астам уақыт бойы білім беру мақсатында қолданылып келеді.

Суперкомпьютер іске қосылғаннан кейін іс-шаралар «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» АҚ-да жалғасты, онда «Қазақстанның цифрлық трансформациясы» ғылыми-практикалық конференциясының пленарлық отырысы өтті.

Конференция аясында телекоммуникациялық және АКТ-инфрақұрылымдарды құрудан бастап спутниктік технологияларды, киберқауіпсіздік және экономиканы цифрландыру саласындағы шешімдерді енгізуге дейінгі елдің цифрлық дамуының негізгі бағыттары талқыланды. Сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарды даярлау мәселелері мен цифрлық кластерлерді құрудың келешегі талқыланды.

### АҚКӨЛ – ҒЫЛЫМИ ҚАЛАШЫҚ

Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов өз сөзінде Ақмола облысының инновациялық орталыққа айналу үшін бірегей әлеуеті бар екенін және жанартылған PARAM BILIM-2 аймағындағы ғылыми-тех-

никалық қызметтің ұйытқысы болатынын және зерттеушілер мен кәсіпкерлердің назарын аударатынын сөзсіз екенін атап өтті.

«ЕҰУ Ақкөл қаласындағы Деректерді өңдеу қоры орталығымен байланыс орнатты. Университеттің Физика-техникалық ғылымдар институты кафедрасының филиалы бар, онда ЕҰУ студенттері жыл сайын тәжірибеден өтеді. Кезекті Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қазақстанда ғылым қаласын құру туралы айтты. Алдағы уақытта Ақкөл аумағында ғылым қаласының пайда болуының куәсі болуымыз әбден мүмкін. «PARAM BILIM-2 суперкомпьютері ЕҰУ ғалымдары мен студенттеріне ғана арналып отырған жоқ, біз осы суперкомпьютердің қуатын пайдаланғысы келетін барлық зерттеушілерге ашықпыз. Бұл – ұлттық қазына», – деп атап өтті ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов.

Сондай-ақ іс-шара барысында ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Ш. Сейітовтың «Телекоммуникациялық желілерді дамытуға заманауи міндеттері» атты ғылыми монографиясының тұсақуесер рәсімі өтті. Ғылым еңбек Қазақстан мен әлемнің телекоммуникация саласындағы байланыс, цифрландыру және озық шешімдерді енгізу, байланыс саласындағы заманауи сын-қатерлерге арналған.

Суперкомпьютер – ғылым, бизнес және Үкімет арасындағы тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі. Сарапшылар бұл жобаны Қазақстанның цифрлық даму жолындағы маңызды қадам деп бағалап отыр. Ақкөл инновациялық кластерге айналып, елдің технологиялық серпілісіне жол ашуда. Жоба елімізді ғылым мен білім саласында алдыңғы қатарға шығаруға қауқарлы.

Әсет ҚАЛИ

## АЙМАҚ

22 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ



## ӨМІР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

Был Жеңіске – 80 жыл. Осыған байланысты «Қанша соғыс ардагері айтулы датаны қарсы алады?» деген сұрақпен Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесіне хабарластық. От кешіп, жеңісті жақындатқандардың қатары сиреп, бүгінде арамызда аймақ бойынша сегізі ғана қалған.



**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**  
Қарағанды облысы

Солардың бірі – 1923 жылғы 1 қаңтарда Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған Сұңғат Сәттіғұлов ақсақал.

Сұңғат Сәттіғұлов қан майданға 1942 жылдың маусым айында аттанып, Сталинград түбіндегі шайқасқа тап болады. Алдында Алматы қаласында жаяу әскер училищесінде оқып, дайындықтан өткен.

Минометшілер взводын басқарып, жан алып, жан беріскен қиян-кескі ұрыстарды бастан кешіреді.

Өткен жылы Мәскеуде орналасқан «Үшінші мыңжылдықтағы білім» аймақаралық қоғамдық қорының жұмыс тобы (жоба жетекшісі Алексей Стороженко) Мәскеу үкіметі сыртқы экономикалық және халықаралық байланыстар департаментімен бірлесіп отырып қарағандылық ардагерлердің естеліктерін Ұлы Жеңістің алдағы 80 жылдық мерейлі мерекесі алдында кинолентаға жазып алған еді.

– Сұраққа жауапты жайлап бастағанымен кейде ауытқып кетіп отырды. Енді қалай, оның жасы 101-ден асқан, соған қарамастан оқиға болған күндерді, ұрысқа қатысқан әскери бөлімшелердің рет санын, командирлерінің аты-жөнін осы күнге дейін ұмытпаған екен, – дейді түсірілімді жүргізуге көмектескен облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Аман Жанғожин.

Сталинград түбіндегі шайқас 200 күн мен түнге созылып, ақыры неміс-фашист басқыншыларының 330 мың әскерінің қоршауға алынуына ұласты емес пе?! Бұл осы соғыстағы ұлы бетбұрыс болды. 1943 жылдың 2 ақпанында Сталинград операциясы аяқталып, жау берілді.

Бірақ мұны Сұңғат радиодан естіп білді, өйткені кескілескен ұрыстардың бірінде, 1942 жылдың 9 желтоқсанында ауыр жараланып, Саратов госпиталінде емделіп жатқан. Емделіп шыққаннан кейін де қайсар қазақ жауынгері алдыңғы шепке сұранған, сөйтіп тағы бір ірі шайқасқа қатысып, туысқан Беларусь елін, оның астанасы Минск қаласын азат етті.

Тек 1947 жылы ғана туған жеріне оралады. «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, мерекелік медальдармен марапатталған.

1947 жылы Алматы облысындағы Шамалған құрылыс техникумында білім алады. Техникумды бітіргеннен кейін ауылдық құрылыста бригадир болып жұмыс істеген, ардагер Солтүстік Қазақстан облысындағы өнеркәсіп нысандарының құрылысында жұмыс атқарады. 1956 жылы Сұңғат Смағұлұлы Қарағанды қаласына қоныс аударады.

Бір жылға жуық уақыт ішінде көпшіліктің көкейкесті мәселесіне айналған электромобильді такси қызметінің бүгінгі ахуалы жайында бірден-бір жауапты мекеме «Қызылорда автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен сұрап көрдік.

«Қазіргі уақытта Қызылорда қаласы бойынша «Экотакси» қызметінде 100 электромобиль жұмыс жасайды. Бұл бірінші кезекте бәсекелестікке кері әсерін тигізбей, керісінше халыққа қызмет көрсету сапасын арттырып, қоғамдық көлік мәселесін шешуге оң әсерін тигізеді. Бүгінде аталмыш такси қызметін пайдалану үшін «Апару», «Яндекс» және «Жұлдыз ТАХІ» мобильді қосымшалары арқылы тапсырыс беруге болады. Жалпы, бұл бастама халыққа қызмет көрсету сапасын арттырып, такси қызметтеріне тиімді бағаларды қалыптастыруға ықпал етеді. Жобаның басты мақсаты – «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында санитарлық тазарту ғана емес, экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған жаңа жобаларды жүзеге асыру. Яғни, бұл қоршаған ортаға теріс әсер етпейтін экологиялық таза, үнемді және жайлы көлік», – деп түсіндірді бұл жайында «Қызылорда автобус паркі» ЖШС баспасөз қызметі.

Негізінен, экотаксилер электр қуатымен жүретін көлік екені белгілі. Мамандар электромобильдер толық қуатталғанда 500 шақырымға жуық жол жүруге қауқарлы көрінеді. Дейтұрғанмен, кейбір такси жүргізушілері тарапынан электромобильді темір тұлпарды қуаттау ісінде де мәселелер жоқ еместігін айтып жүр. Яғни, қала аумағында орналасқан қуаттау қозғалыс жүйесінің санын арттырса деген пікірде.

«Айта кету керек, экотакси электр қуатымен жұмыс істейді. Соған орай көлікті толық қуаттау шамамен 460 шақырымға жетеді. Нақты уақытта қуаттау құрылғылары Қызылорда қаласы бойынша 9 жерде орналасқан. Аса қажеттілік туындаған жағдайда қосымша қуаттау құрылғыларын көбейту мүмкіндігі көзделген», – деп хабарлады аталмыш мәселеге орай серіктестік тарапынан.

Құзырлы орындар тарапынан, электромобильді көліктер қала ішінде, әуежай, теміржол вокзалы, жана автовокзал аумағында халыққа қызмет көрсетіп жатқанын мәлімдеп отыр. Осы орайда серіктестік тарапынан айтып өткендей, жүзінде іске қосылған «Апару» қосымшасының қызметіне де халықтың көңілі толар емес. Тұтынушылардың пікіріне сәйкес, бұл қосымша арқылы да алдыңғылар секілді экотаксиге тапсырыс беру мүмкіндігі аз. Соған сәйкес қосымша жұмысын әлі де жетілдіру қажет деп есептейді.

Қалай дегенде де, жергілікті жұртшылықтың электромобильді такси қызметіне қызығуы таудай болып тұр. Ең бастысы, қазынадан бөлінген қыруар қаржыға іске қосылған бірегей жоба халыққа сапалы қызмет көрсетуге тиіс деп есептейді.

## ЭКОТАКСИ ҚЫЗМЕТІ ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Былтыр Қызылорда қаласында электр қуатымен жүретін электромобильді такси қызметі іске қосылған болатын. Сол кезде экологиялық таза, қоршаған ортаға қауіпсіз саналған бұл такси қызметі халыққа жайлы әрі бағасы қалтаға қолайлы болады деп сендірді жауапты мамандар.



**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**  
Қызылорда облысы

Сыр өңірінде «Экотакси» жобасын іске қосу бастамасы көтерілген күннен бастап оның тиімділігі төңірегінде түсіндірме жұмыстары кенінен жүргізілді. Ел игілігіне пайдалануға негізделген автокөліктер Қызылорда қалалық автобус паркінің қажеттіліктеріне орай сатып алынғаны да айтылды. Бұл жоба бірінші кезекте қала тұрғындарына арзан бағада такси қызметін жолға қоюға негізделген еді.

Бастапқыда жоба аясында 1 млрд 100 млн теңгеге 100 дана электромобиль сатып алу жоспарланған. Соның аясында былтыр өңірге тиісті көліктердің алғашқы легі жеткізіліп, халық игілігіне ұсынылды.

«Қаламызда «Экотакси» қызметін жолға қою мақсатында 52 дана электрмен жүретін көлік жеткізілді. Алдағы уақытта оның санын 100-ге жеткіземіз. Бұл көліктер халыққа жайлы, қоршаған ортаға қауіпсіз болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар бұл қоғамдық көлік қызметін пайдаланатын халық үшін бағасы мен қызметі жағынан өте қолайлы болары сөзсіз», – деп мәлімдеген еді сол кезде өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында өткен брифингте «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директоры Абдуқадір Маштаев.

Жарнамасы жер жарған игі бастама өткен жылы «Қала күні» мерекесі аясында тұсауын кесті. Шыны керек, бұл арзан такси қызметін асыға күткен халық үшін тосын жаңалық болды. Алайда жоба елдің сенімінен шықты ма?

**Жарнамасы жер жарған игі бастама өткен жылы «Қала күні» мерекесі аясында тұсауын кесті. Шыны керек, бұл арзан такси қызметін асыға күткен халық қызметін асыға күткен халық үшін тосын жаңалық болды. Алайда жоба елдің сенімінен шықты ма?**

Соңғы кездері Сыр халқының такси қызметіне айтылар сын-ескертпелері азаймай тұр. Тіпті, жыл бойына экотакси қызметін пайдаланып көрмегендер қарасы да қалып. Өйткені өзге такси компаниялары секілді қызылордалық жобаның арнайы платформасы болмауынан көп жағдайда халыққа қолжетімсіз болып қалды. Күні кешеге дейін таксиді «Яндекс» пен «Жұлдыз» қосымшалары арқылы шақыртуға мүмкіндік қарастырылғаны хабарланды. Алайда аталмыш платформалардан да экотакси қызметін пайдалану анау айтқандай оңай болмай шықты. Себебі аталмыш қосымшаларда экотакси шақыруға арналған арнайы батырма жоқ.

Сонымен қатар әу бастан экотакси халыққа тиімді бағада қызмет көрсететін болады деген үзе де құрғақ сөз болып шықты. Қала тұрғындары электромобильді такси құнының күнделікті таксилерден артық болмаса, кем еместігін алға тартады.

Біз бұған дейін газет бетінде Алматы облысының орталығы Қонаев қаласының туристік әлеуеті туралы «Қоқыс «жамылған» Қапшағай жағалауы» деген тақырыппен мәселе көтерген болатынбыз. Сол кезде жергілікті әкімдік Қапшағай жағалауы қоқыстан тазарып, жағажай туризміне жан бітетін күн жақын деп сендірген еді. Ал күні кеше облыс орталығында сол уәденің орындалуына куә болдық.

## ЖАҒАРҒАН ЖАҒАЛАУ

АЙМАҚТЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ



**А Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,**  
Алматы облысы

Қапшағай су қоймасының жағалауы көп жылдар бойы назардан тыс қалып келген еді. Енді бұл аумақ мүлде жаңа кейіпке енді: балалар және спорт алаңдары, субұрқақтар, суға түсуге арналған ыңғайлы баспалдақтар, орындықтар мен жарықтандыру жүйесімен жабдықталған заманауи қоғамдық кеңістікке айналды. Ауқымды жобаны жүзеге асыруға КСЖ Freedom Life АҚ қолдау көрсетті.

Құрылыс жұмыстары 2024 жылдың жазында басталып, толық абадтандырумен сәтті аяқталды. Жанадан тас төсеніштер төселіп, орындықтар мен коксы жәшіктері орнатылды, жарықтандыру жүйесі толық жаңартылды. Жаңа алаңда балалар мен спорттық алаңдар, ашық аспан астындағы жаттығу құрылғылары мен демалыс аймақтары пайда болды. Жағалау енді субұрқақтармен, жағажайға түсуге арналған баспалдақтармен толыққан. 2025 жылғы наурызда соңғы кезең – гүлзарлар отырғызу мен қылқанжапырақты және жапырақты ағаштарды егу жұмыстары да аяқталды.

– Бұл тек абадтандыру емес, бұл – тұрғындар мен қонақтар үшін жайлы әрі тартымды қоғамдық кеңістік қалыптастыруға бағытталған маңызды кадам. Қонаев қаласы мен Қапшағай жағалауы – су туризмінің ірі орталықтарының бірі. Жанарған жағалау өңірдің инфрақұрылымын жетілдіріп қана қоймай, оның инвестициялық әлеуетін де арттырады, – деді Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Ұзындығы 1 шақырым болатын жағалау бүгінде демалыс, серуендеу, спортпен шұғылдану мен отбасылық уақыт өткізу үшін барлық жағдай жасалған кен әрі заманауи кеңістікке айналды. Жобаның жүзеге асыуына КСЖ Freedom Life компаниясы 4,53 миллиард теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсетті. Бұл – бизнестің мемлекетпен тиімді әріптестігінің жарқын көрінісі.

– Бұл кеңістікті шын мәнінде заманауи әрі тартымды ету үшін біз айтарлықтай ресурстар, уақыт пен күш жұмсадық. Бұл жай ғана инфрақұрылымды жақсарту емес, бұл – Қонаев қаласының болашақ дамуына қосқан нақты үлесіміз. Біз қаланың зор әлеуетіне сенеміз. Мұндай жобалар оның өмір сүруге жайлылығын арттыра түседі, – деді Freedom Holding Corp. бас атқарушы директоры Тимур Турлов.

Жағалаудың ресми ашылуынан кейін нысан коммуналдық меншікке берілді. Қонақтар үшін арнайы экскурсия ұйымдастырылып, отандық өнерпаздар мен би ұжымдарының қатысуымен мерекелік концерт өтті.

– Біз ірі холдинг ретінде ESG қағидаттарын ұстана отырып, қалалық ортаны жайлы әрі шабыт сыйлайтын етіп қалыптастыруға бағытталған жобаларға басымдық береміз. Freedom Life компаниясы соңғы алты жылдан бері өмірді сақтандыру саласындағы цифрлық қызмет көрсету бойынша көшбасшы болумен қатар, әлеуметтік маңызды бар бастамаларға да ерекше көңіл бөліп келеді. Қонаевтағы жағалауды абадтандыру – бизнестің қалалық инфрақұрылымды дамытуға қосқан маңызды үлесі. Бұл – біздің саналы стратегиямыздың ажырамас бөлігі, халқымыздың жарқын болашағына бағытталған нақты кадам, – деді КСЖ Freedom Life басқарма төрағасы Азамат Ерлесов.

Іс-шара барысында Алматы облысының әкімі Қапшағай су қоймасының экожүйесін сақтау және Қонаев қаласын өңірдің басты туристік бағыттарының біріне айналдыру жөніндегі жоспарларын да ортаға салды.

– Алда әлі де ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Туристерге қолайлы жағдай жасау үшін заманауи инфрақұрылым дамытылады. Сонымен қатар «Ұлы дала жорығы» және өрік фестивалі сияқты ірі іс-шаралар өтеді. Алдағы уақытта халықаралық деңгейдегі жағажай мен бес жұлдызды екі қонақүйдің құрылысы да қолға алынбақ, – деді Марат Сұлтанғазиев.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Сатып алу ұйымдастырушы:** Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекен-жайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

**Сатып алудың әдісі:** Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университеттің оқу-өндірістік қажеттіліктеріне байланысты кенес жиһаздарын қайта сатып алу.

**Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі:** тараптар келісім-шартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде.

**Сатып алуға қатысу шарттары:** Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтамасы;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші КҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде КҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған баға сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 99044008043, БСК HSB-KKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекен-жайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

**Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 12.05.2025 (12:00), №201 кабинет.**

**Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:**

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекен-жайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

22 СӘУІР 2025 | СЕЙСЕНБІ

Жуырда Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен және Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерттің» бастамасымен алғаш рет ұйымдастырылған «Серпер» байқауы өтті. Байқауға еліміздің әр өңірінен келген өнер майталмандары түрлі ұлттық аспаптармен сынға түсіп, шеберліктерін паш етті. Солардың бірі – Айшолпан Қасым. Кіл мықтының арасынан оқ бойы оза шауып домбыра аспабында бірінші орынға лайық болған домбырашы қызды жүлдесімен құттықтап, жетістікке жету жолындағы еңбегімен жақын танысу үшін әңгімеге тартқан едік.

# ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖЕҢІСІ

**Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

Бұдан бұрын Мұрат Өскенбайұлы атындағы үшінші халықаралық конкурстан бас жүлдені иеленген Айшолпанға «Серпердің» де жүлдесі бұйырыпты. Ол бұл жүлдені аянбай еткен еңбегінің нәтижесі деп біледі.

— Күніне 7-8 сағатты дайындыққа арнадым. Бұл аз уақыт емес. Соған сай нәтижеге де жетуім керек деген мақсат болды. Менің мақсатыма жетуіме ұстазым Жұмабек Боранбайұлының үлесі зор. Өйткені ол әр оқушыға домбыра үйретуде түрлі әдісті ұстанады. Домбыра ұстаудан бастап, сахнада қалай отыру керегіне дейін үйретіп шықты. Сондықтан мен бағындырған шын, жеткен жетістігім, ең алдымен менің емес, ұстазымның еңбегінің зая кетпегені, — дейді домбырашы қыз.

І республикалық «Серпер» ұлттық өнер байқауы — ұлттық өнердің терең сазын ұлықтап, дәстүрлі өнерге бет бұрған жас таланттардың жаңа тынысын ашқан ерекше шығармашылық алаң, ұлттық мұраны жалғап, заманауи сахнада төл өнерімізді дәріптейтін тың жобалардың бірі ретінде бағаланды. Аталған байқау екі кезеңнен тұрған. Бас-аяғы 70-тен астам өтінім түсіп, онлайн форматтағы бірінші кезеңнен 42 қатысушы іріктеліп алынған. Соның ішінде алғашқы кезеңде қатарынан 5 күйді шерткен Айшолпан домбыраға талпынысын әкесінен дарығанын айтады.

— Әкем бұрын құйма құлақ әдіспен күй тартқан екен. Сол кезде түрлі ансамбльдің жетекшісі болып қызмет атқарған. Арғы аталарым да осы өнер жолында жүргені анық. Қанымда болғанынан да шығар, кішкентайымнан домбыраға ерекше ықыласпен қарайтын едім. Бұл аспапты 3-сыныптан бері меңгеріп келе жатырмын. Абыл Тарақұлы атындағы балалар өнер мектебі студиясын, одан кейін Маңғыстау өнер колледжін бітірдім. Балалық қызығушылық қазір мені кәсіби домбырашыға айналдырды, — деді ол.

Ұлттың үні — ұлттық аспапта. Дәстүрлі құндылығымызды насихаттайтын, ұлттық аспапты серік еткен өнер иелері бір сахнада бақ сынайтын байқаулардың орны бөлек. Бұлар — қазақ музыкасының, ұлттық аспабының мәңгі жасауын көздесе, байқау қатысушылары — оны ұрпаққа жеткізушілер. Биыл алғаш рет өткен «Серпер» байқауына 18-35 жас аралығындағы шын таланттар қатысты. Айшолпанның айтуынша, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияны, «Шабдытты» бітірген өнерпаздар да қатысыпты, бұл жас домбырашыға үлкен тәжірибе аланы болды. Іріктеуден өткен домбырашылар екінші кезеңде де 5 күй орындауға міндетті. Қазанғаптың «Күй шақырғыш Ақжелен»,



Махамбеттің «Жауға шапқан», Қаршыға Ахмедиярұлының «Хаман толғау» және бірқатар күйді нақышына келтіріп ойнаған Айшолпан байқаудың әр кезеңін толқумен өткізгенін жасырмады.

— Кәсіби домбырашы болсам да, «Серпердің» алдында толқымды. Өйткені еліміздің небір мықты күйшілері, домбырашылары жиналған сахна болды бұл. Олармен бір сахнада тұрып жарысқа түсудің өзі мен үшін жетістік саналады. Осы жетістіктен кейін маған енді тек алға ұмтылу керек. Егер алдағы уақытта ансамбльдерден ұсыныстар түсіп жатса, қуана қабыл алар едім. Осылайша, өнерден орынды тапқым келеді. Немесе бір жобаның жетекшісі ретінде өзімді қалыптастыру жоспарымда бар. Келешекте қазақтың кара домбырасы танылып, дәстүрлі күй өнеріміз насихатталып, қазіргідей жоғары жетістікке жеткенін қалаймын. Әр қазақ домбырадан басқа да ұлттық аспапты меңгерсе қандай жақсы! Біздің рухани құндылығымыз сол кезде сақталады, — деді Айшолпан.

Әр өңірден келген таланттардың басын қосқан байқаудың марапатынан бөлек қаржылай сыйлығы да бар. Әр номинация-

«**Ұлттың үні — ұлттық аспапта. Дәстүрлі құндылығымызды насихаттайтын, ұлттық аспапты серік еткен өнер иелері бір сахнада бақ сынайтын байқаулардың орны бөлек. Бұлар — қазақ музыкасының, ұлттық аспабының мәңгі жасауын көздесе, байқау қатысушылары — оны ұрпаққа жеткізушілер.**»



дан жүлдегер атанғандарға 1 500 мың теңге көлемінде қаржы бөлінген. Биылғы байқаудың жеңімпазы Айшолпан Қасым жүлдесіне бұйырған ақшалай сыйлығын ата-анасына беруді ұйғарыпты. «Олардың мен үшін өнерге қосқан үлесі өте көп. Осындай дәрежеге жетуім — ата-анамның арқасы» деп сөзін түйді ол.

Ұлттық аспап ұстап сахнада бақ сынаған таланттар — ұлттық өнерге деген жанашырлық пен сүйіспеншіліктің айғағы. Сыналар сәтте сыр бермей, шашауына шан жұқтырмайтын жүйріктердің алаңында өнерді паш ету, ұлттық өнерді киелі сахнада көрсету — үлкен бақ. Себебі жас өнерпаздар үшін шабыт, тәжірибе мен өсу алаңына айналған байқаулар да төл мәдениетіміздің насихатталуының жарқын көрінісіне айналған.

## ЖАЗБА АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Қорғаныс министрінің қолдауымен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған республикалық жазба ақындар мүшәйрасын өткізетінін хабарлайды.



Жеңістің 80 жылдығына арналған республикалық жазба ақындар мүшәйрасының жүлде қоры — 3 миллион теңге.

Мүшәйра мақсаты:

- Жеңісті жырлау, батырлар ерлігін насихаттау,
- Әскери-патриоттық рухты көтеру,
- Қазіргі Отан қорғаушыларын қолдау және олар жайлы поэзиялық туындылар қалыптастыру.

Мүшәйра 2 номинациядан тұрады:

1-номинация: Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақстандық батырлар, қаһармандық, патриотизм және Жеңіс тақырыбындағы 1 өлең.

2-номинация: Қазіргі Отан қорғаушыларына арналған, Қарулы Күштердің түрлері мен әскер тектері (танкист, ұшқыш, теңізші, артиллерист, барлаушы, байланысшы, десант т.б.) өкілдерінің бейнесін сипаттайтын, он мәтініне лайық 1 өлең. Бұл номинация бойынша үздік шығармаларға ән жазылып, Қарулы Күштер шығармашылық ұжымдарының репертуарына енгізіледі (автормен келісім бойынша).

Қатысу шарттары:

- Мүшәйраға 50 жасқа дейінгі ақындар қатыса алады;
- Бұған дейін жарияланбаған, ешбір байқауға қатыспаған туындылар ғана қабылданды;
- Өлең көлемі 2 беттен аспауы тиіс (электронды нұсқада);
- Шығармаға автор туралы қысқаша мәлімет, байланыс телефоны, жеке куәлігінің көшірмесі міндетті түрде қосылуы керек.

Шығармаларды қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 30 мамырға дейін.

Электронды пошта: asker\_mushaira@mail.kz  
Қорытынды кеш: 2025 жылғы 10 маусым күні өтеді.  
Жұлдегерлер ғана арнайы шақырылады.  
Жол шығындары — қатысушылар тарапынан.  
ЖҮЛДЕ ҚОРЫ — 3 000 000 ТЕНГЕ!  
Лайықты деген 10 ақынға 300 000 теңгеден жүлде табысталады!

## КӨНЕ АСПАПТАР ШЕРУІ

22-23 сәуір аралығында Алматыда «Көне аспаптар шеруі» халықаралық фольклорлық музыка фестивалі өтеді.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өтетін фестивальда Қазақстан, Қытай, Ресей және басқа елдерден халық аспаптарын меңгерген шеберлер, орындаушылар мен зерттеушілер бас қосады.

Іш-шараның мақсаты — қазақтың бай музыка мәдениеті мен тереңдігін көрсететін аспаптық орындаушылықтың сирек кездесетін және ұмыт болып бара жатқан дәстүрін сақтау және насихаттау. Фестиваль ұрпақтар сабақтастығы, мәдениеттер мен орындаушылық мектептер арасындағы диалог үшін ерекше алаңға айналады.

Бағдарламада аспаптардың жасалу технологиясы мен тарихы туралы шеберлік сабақтар мен арнайы дәрістер, фольклорлық аспаптарды сақтау және өндіру мәселелері бойынша дөңгелек үстел, шығармашылық кездесулер, ұстаздар, студенттер және шақырылған орындаушылардың қатысуымен концерттер ұйымдастырылады.



AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОМИНА —  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЖАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4583

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,